

Қазақстан Республикасы
Республика Казахстан

НОТАРИУС
ИЛЯХУНОВА ЗАМИРА КУРВАНОВНА
Лицензия №18006200

ҚҰЖАТТАРДАҒЫ ҚОЙЫЛҒАН
ҚОЛДЫҢ ТҮПНҰСҚАЛЫЛЫҒЫН
ҚУӘЛАНДЫРУ

СВИДЕТЕЛЬСТВОВАНИЕ
ПОДЛИННОСТИ ПОДПИСИ НА
ДОКУМЕНТАХ

Тіркеу нөмірі:

5987-3006

Регистрационный номер:

Жасалған күні:


14.09.2021

Дата совершения:

Тұлға:

Лицо:

БСН/БИН 960340000405, АО «KazTransCom»



Назар аударыңыз! Сайт мекенжайы <https://enis.kz/>
болып көрсетілгеніне көз жеткізіңіз.
Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі:
ES0306287210914145245J646193

Внимание! Убедитесь в том, что адрес сайта
указан как - <https://enis.kz/>
Уникальный номер нотариального действия:
ES0306287210914145245J646193

e.notary

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
 КОРПОРАЦИЯСЫ» КЕАҚ-НЫҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
 БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ
 ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
 ТОЛЫҚТЫРЫДАН ЕҢГІЗІЛГЕН
 № 562 БҰЙРЫҒЫ
27 ж. маусым 2020 И.
 ФИЛИАЛ НЕКОМЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
 «ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ
 ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ
 ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ
 В УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ
 ПРИКАЗ № 563
27 март 2020.

БЕКІТІЛГЕН
 2021 жылғы «13» қыркүйек
 Жалғыз акционердің шешімімен бойынша



«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
 КОРПОРАЦИЯСЫ» КЕАҚ-НЫҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
 БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ заңды
 тұлға мемлекеттік қайта тіркеуден өткізілді.
 Алғашқы тіркелген күні 06 ж. «03» 1996 И.
 ФИЛИАЛ НЕКОМЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
 «ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ
 ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ
 произведена государственная перерегистрация
 юридического лица 20 09 2021 г.
 Дата первичной регистрации 06 ж. 03 1996 г.
 БСН/БИН 960340000405

«Jusan Mobile»

Акционерлік қоғамының

Жарғысы

2021 ЖЫЛ

Осы Жарғы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-ІІ Заңына (бұдан әрі – «Заң» деп аталады) және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жаңа редакцияда әзірленген және «Jusan Mobile» акционерлік қоғамының ұйымдастырылуы мен жұмыс жасауының құқықтық негіздерін анықтайды.

1-БАП. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Jusan Mobile» акционерлік қоғамы (бұдан әрі «Қоғам» деп аталады) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрекет ететін заңды тұлға болып табылады.

1.2. Қоғам қызмет мерзімі шектелмей құрылған.

2-БАП. ҚОҒАМНЫҢ АТАУЫ МЕН ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

2.1. Қоғамның ресми толық атауы:

Мемлекеттік тілде: «Jusan Mobile» акционерлік қоғамы

Орыс тілінде: Акционерное общество «Jusan Mobile»

Ағылшын тілінде: Jusan Mobile Joint Stock Company

Қоғамның ресми қысқартылған атауы:

Мемлекеттік тілде: «Jusan Mobile» АҚ

Орыс тілінде: АО «Jusan Mobile»

Ағылшын тілінде: Jusan Mobile JSC

2.2. Атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050009, Алматы қ., Радостовец к-сі. 69 үй.

2.3. Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050009, Алматы қ., Радостовец к-сі. 69 үй.

3-БАП. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МӘНІ

3.1. Қоғам қызметінің негізгі мақсаты дербес шаруашылық қызметін жүзеге асыру барысында пайда табу мен оны акционерлердің мүдделеріне, сондай-ақ Қоғамның өндірісін дамыту мен әлеуметтік міндеттерін шешу үшін пайдалану болып табылатын коммерциялық ұйым болып табылады.

3.2. Қоғам қызметінің мәні:

3.2.1. Заңды және жеке тұлғаларға телекоммуникация қызметтерін көрсету, оның ішінде, бірақ шектелмей:

- жергілікті телефон байланысы;
- қалааралық телефон байланысы;
- халықаралық телефон байланысы;
- Интернет желісіне қолжеткізу қызметтері;
- жерсеріктік жылжымалы байланыс;
- ұтқыр телекоммуникациялық байланыс (сонымен қатар жылжымалы радио (радиотелефондық) байланыс, транкингтік және пейджингтік байланыс қызметтері);

3.2.2. Телекоммуникация саласында технологиялық қызметті жүзеге асыру, соның ішінде:

- жалпы республикалық, торапты (магистралды) және халықаралық байланыс желілерін жобалау, салу және пайдалану;
- құрылыс монтаж жұмыстары, жөндеу және іске қосуды реттейтін жұмыстар;
- инновациялық қызмет;
- телекоммуникация саласындағы метрологиялық қызмет;
- байланыс арналары арқылы ақпараттың барлық түрлерін үздіксіз беруін ұйымдастыру, қызмет сенімділігі мен сапасын жоғарылату және телекоммуникация желісін тиімді пайдалану;
- Қоғамның телекоммуникация желісін дамыту мен жаңарту бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;
- ғимараттар мен телекоммуникация объектерінің күрделі құрылысын ұйымдастыру;
- Қоғамның телекоммуникация желілерін жасақтау
- олардың өндіріс-экономикалық тиімділігін ұлғайту мақсатында телекоммуникациялық объектерін қайта құру;
- телекоммуникация бойынша халықаралық жобаларын дайындау мен іске асыруға қатысу;

- түрлі операторлар мен байланыс қызметтерін пайдаланушылары арасында есеп айырысуды жүзеге асыру;
- Қоғам мүддесінде халықаралық телекоммуникациялық және өзге де ұйымдар мен бірлестіктеріне қатысу;
- телекоммуникация желілері көмегімен кез келген басқа қызметтерін көрсету.

3.2.3. Өзге қызметті жүзеге асыру:

- заңнамамен белгіленген тәртіпте Қоғамға рұқсат берілген сыртқы экономикалық қызметін жүргізу;
- өнеркәсіп, азаматтық құрылыс;
- сауда – сатып алу, делдалдық және коммерциялық қызмет;
- менеджмент, маркетинг, инжиниринг;
- ақпараттық, сервистік және Қоғам үшін басқа да тыйым салынбаған қызметті көрсету;
- ішкі және сыртқы нарықтарда бағалы қағаздарды шығару және сату;
- мемлекеттік және мемлекеттік емес бағалы қағаздарын сатып алу және сату;
- Қоғамның қаражаттарын салалы және аймақтық бағдарламалар мен жобаларға инвестициялау;
- Қоғам қызметінің мақсаттарын іске асыру үшін озық технологияларды, бірлескен өндірісті жасау мақсатында өз қаражаттармен басқа заңды тұлғалардың қызметіне қатысу;
- еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;
- телекоммуникация құралдарына сервистік қызмет көрсетуді құру;
- монтаж, құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау кезіндегі қызметтен басқа, күзет дабылдамасы құралдарын құрастыру, баптау және техникалық қызмет көрсету ;
- магистралды құбырларға, негізгі және қосалқы жабдыққа техникалық қызмет көрсету, жөндеу (алдын алу шаралары, қарау, техникалық күйін бақылау, дәнекерленген тігістерінің, жалғанған жерлерінің, бекіткіштерінің күйіне диагностика жасау);
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қызмет.

3.2.4. Арнайы жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды тарату және сақтаумен байланысты қызмет;

3.2.5. Ақпаратты криптографиялық қорғаудың құралдарын тарату, пайдалану және сақтаумен байланысты қызмет;

3.2.6. Иондаушы сәуле тарату көздерін қолданумен байланысты қызмет.

3.3. Лицензияның немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген тәртіпте алынуы тиіс рұқсаттың өзге түрінің бар болуын талап ететін қызметінің түрлері тиісті рұқсаттар (лицензиялар) алынғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

4-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Қоғам заңды тұлға болып табылады және оның дербес теңгерімінде көрсетілетін оқшауланған мүлікке меншік құқығында ие болады. Қоғам мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды өз атынан сатып алып, жүзеге асырып, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

4.2. Қоғамның меншік нысаны - жекеше.

4.3. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкімен жауап береді. Қоғам өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

4.4. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, мемлекет те Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

4.5. Қоғамның толық фирмалық атауы және орналасқан жері көрсетілген дөңгелек мөрі, қазақ және орыс тіліндегі өз атауы бар мөр таңбалары мен бланкілері, сондай-ақ белгіленген тәртіпте тіркелген тауарлық белгі, қызмет көрсету белгісі және басқа да деректемелері бар.

4.6. Қоғам еншілес және тәуелді заңды тұлғаларды құруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағында және одан тысқары жерлерде басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

4.7. Қоғам сондай-ақ:

- 1) қажетті құрылымдық қайта құруды жүзеге асыруға.
- 2) Қоғамның атынан мүліктік және қаржылық операцияларды, жүргізілетін мәмілелер мен операциялар бойынша міндеттемелерін жүзеге асыруға сенімхаттар мен кепілдіктерді беруге.
- 3) қолданыстағы заңнамамен қарастырылған тәртіпте Қоғаммен ұсынылатын байланыс қызметтеріне бағаларды қалыптастыруға.

- 4) Қоғамның қызметінде пайда болатын азаматтық-құқықтық жауапкершілікті, кәсіпкерлік тәуекелдерді сақтандыруға құқылы.
- 4.8. Қоғам күзет құжаттарын, технологияларды, "ноу-хау" және басқа да ақпаратты иемдену мен пайдалануға құқықтарды сатып алып және бере алады.
- 4.9. Қоғам шығарылу, орналастыру, айналысқа ендірудің және өтеудің шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленетін бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.
- 4.10. Қоғам өндірістік қызметті жоспарлаумен, қызметкерлердің еңбек ақысын төлеумен, материалдық техникалық жабдықтаумен, әлеуметтік дамытумен, табысты бөлумен, кадрларды іріктеу, орналастыру және қайта даярлаумен байланысты барлық мәселелерді дербес шешеді.
- 4.11. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және халықаралық құқық нормаларына сәйкес қазақстандық, сондай-ақ шетел заңды және жеке тұлғалардан теңге және шетел валютасында заемдар алуға және несиелерді пайдалануға құқылы.
- 4.12. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Жарғымен қарастырылған басқа да құқықтарды жүзеге асыра алады.

5-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ФИЛИАЛДАРЫ МЕН ӨКІЛДІКТЕРІ

- 5.1. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы мен шет елдерде филиалдарды (өкілдіктерді) құруға, өз мүлкі есебінен оларға негізгі және айналымдық қаражаттың беруге және олардың қызметінің тәртібін анықтауға құқылы. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі олардың жеке теңгерімінде және Қоғамның жалпы теңгерімінде ескеріледі.
- 5.2. Филиалдар мен өкілдіктер Директорлар кеңесі бекітетін Ережелердің негізінде әрекет етеді.
- 5.3. Қоғам филиалдарының (өкілдіктерінің) құрылымы мен штаттық кестесін Қоғам басқармасы бекітеді. Филиалдың (өкілдіктің) қызметіне басшылық жасауды Қоғам басқармасы тағайындайтын адамдар жүзеге асырады. Филиалдың және өкілдіктің жетекшісі Қоғам берген Бас сенімхаттың негізінде әрекет етеді.
- 5.4. Қоғам Қоғамның филиалдарының (өкілдіктерінің) қызметі үшін жауап береді.

6-БАП. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 6.1. Қоғам акционері:
- 1) Заңмен және (немесе) Қоғамның Жарғысында көрсетілген тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;
 - 2) Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленген кезде, Заңға сәйкес Директорлар кеңесіне акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуге;
 - 3) дивидендтер алуға;
 - 4) Қоғам қызметі жөніндегі ақпарат алуға, соның ішінде акционерлердің Жалпы жиналысымен және осы Жарғымен бекітілген тәртіпте Қоғамның қаржылық есебімен танысуға;
 - 5) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
 - 6) акционерлердің жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесін сайлау үшін кандидаттарды ұсынуға;
 - 7) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібінде таластыруға;
 - 8) Өзі немесе өзге акционерлермен бірігіп бес және одан да көп дауыс беруші акциялар пайызын иеленген жағдайда, Заңның 63 және 74 баптарында көзделген жағдайларда өз атынан сот органдарына жүгініп, Қоғам қызметкерлерінен Қоғамға келтірген шығынның орнын өтеуді, Қоғамның лауазымдық тұлғаларынан және (немесе) үлестес тұлғалардан мүдделері ортақ ірі мәміле (мәмілелер) жасасу туралы қабылданған шешім салдарынан түскен кірісті Қоғамға қайтаруды талап етуге.
 - 9) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұраным салуға және сұраным Қоғамға келіп түскен сәттен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
 - 10) Қоғам таратылған кезде мүлктің бір бөлігіне;
 - 11) Қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіпте Қоғамның акцияларын және оның акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздарды артықшылықты сатып алуға;

12) Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленетін акционерлер Қоғамның директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының жекелеген мүшесінің жыл қорытындысы бойынша сыйақысының мөлшері туралы ақпаратты бір мезгілде мынадай жағдайлар болған кезде:

Қоғамның директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының осы мүшесінің өзі (өздері) не оның үлестес тұлғалары пайда (кіріс) алу мақсатында Қоғам акционерлерін қасақана жаңылыстыруға әкелу фактісін сот анықтаған кезде;

егер Қоғамның директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының осы мүшесінің жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі Қоғамда залал туындауына алып келгені дәлелденсе, алуға құқылы.

13) Жарғымен көзделген тәртіппен Қоғам акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы Акционерлердің жалпы жиналысының шешім қабылдауына қатысуға құқығы бар.

6.2. Ірі акционер (Қоғамның дауыс беретін акцияларының он және одан да көп пайызы тиесілі бір-бірімен жасалған келісімнің негізінде әрекет ететін акционер немесе бірнеше акционер):

1) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға немесе Директорлар кеңесі жалпы жиналысты шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талаппен сотқа жүгінуге;

2) Директорлар кеңесіне Жалпы жиналыстың күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді ұсынуға;

3) Директорлар кеңесі отырысын шақыруды талап етуге;

4) өз есебінен Аудиторлық ұйымның Қоғамның аудитін жүргізуді талап етуге құқылы.

6.3. Акционер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамалық актілермен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Қоғамның қызметімен байланысты залалдардың тәуекелін өзіне тиесілі акциялардың құнының шегінде көтереді.

6.4. Акционерлердің қолданыстағы заңнамамен қарастырылған басқа да құқықтары болуы мүмкін.

6.5. Қоғамның акционері:

1) акцияларды төлеуге;

2) осы акционерге тиесілі акцияларды орталық депозитарийге және (немесе) нақтылы ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он жұмыс күні ішінде хабарлауға;

3) Қоғам және оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе басқа заңмен қорғалатын құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;

4) қолданыстағы заңнамамен қарастырылған өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

6.6. Жарғының 6.1. бабының 2 тармақшасында көзделген талаптарды жалпы жиналысты шақыратын орган немесе тұлға орындауға міндетті.

6.7. Қоғам орталық депозитарий және (немесе) номиналды ұстаушы Жарғының 6.5.-тармағы 2)-тармақшасымен белгіленген талаптарын орындамау салдары үшін жауап бермейді.

7-БАП. ҚОҒАМ МҮЛКІ ЖӘНЕ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ

7.1. Қоғам мүлкі төмендегілердің есебінен қалыптасады:

1) акционерлердің Қоғам акцияларын төлеуге тапсырған мүлкінің;

2) Қоғамның қызметінің нәтижесінде алынған табыстарының;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздері бойынша сатып алынған басқа да мүлктің.

7.2. Қоғамның жарғылық капиталы акционерлердің акцияларды олардың нақты құны бойынша және инвесторлардың қолданыстағы заңнамамен белгіленген талаптарға сәйкес анықталатын орналастыру бағалары бойынша төлеуі арқылы қалыптасады және ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - теңгемен көрсетіледі.

7.3. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

8-БАП. АКЦИЯЛАР, ОБЛИГАЦИЯЛАР. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ ШАРТТАРЫ

8.1. Қоғамның бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналысқа ендірудің шарттары, тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен анықталады. Қоғам айырбасталатын

бағалы қағаздарды шығаруға құқылы. Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау талаптары мен тәртібі айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару проспектісінде көрсетіледі.

8.2. Қоғам өз акцияларын жарияланған акцияларының санының шегінде біреуін немесе бірнешеуін орналастыру арқылы олардың шығарылымы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін орналастыруға құқылы. Қоғамның жарияланған акцияларының санының шегінде акцияларын орналастыру туралы шешімді Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайды.

8.3. Қоғамның акцияларын орналастыруға тек осы акцияларда эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік және уәкілетті орган берген ұлттық сәйкестендіру нөмірінің куәлігі болған жағдай ғана рұқсат етіледі.

8.4. Бір түрдегі акция оны иеленуші әрбір акционерге осы түрдегі акциялардың басқа иеленушілермен бірдей құқықтар береді.

8.5. Қоғамның Жай акциясы акционерге Қазақстан Республикасы заңнамасымен бекітілген тәртіпте дауыс беруге ұсынылған барлық мәселелерді шешу кезінде дауыс беру құқығымен акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға, Қоғамның таза табысы бар болатын кезде дивидендтерді, сондай-ақ Қоғам таратылғанда мүлкінің бір бөлігін алуға құқық береді.

8.6. Артықшылықты акцияларды иеленуші акционерлер Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіпте алдын ала айқындалған кепілді мөлшердегі дивидендтерді, сондай-ақ Қоғам таратылған кезде мүлкінің бір бөлігін алуға артықшылықты құқыққа ие.

8.7. Артықшылықты акция акционерге Қоғамды басқаруға қатысуға құқық береді, егер:

1) Акционерлердің Жалпы жиналысы артықшылықты акциялардың иелерінің құқықтарын шектеуі мүмкін шешімге қатысты мәселені қарайды. Мұндай мәселе бойынша шешім шектеу үшін кемінде орналастырылған (сатып алынғандарды шегергенде) артықшылықты акциялардың жалпы санының екіден үші дауыс беретін жағдайда ғана қабылданған болып есептеледі.

Шешім қабылдау артықшылықты акцияларға ие акционерлердің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселелерге төмендегі мәселелер жатады:

артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтер көлемінің азаюы немесе есеп айыру тәртібінің өзгеруі;

артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу тәртібін өзгерту;

артықшылықты акцияларды Қоғамның жай акцияларына айырбастау;

2) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамның артықшылықты акцияларды ұйымдастырылмаған нарықта Заңға сәйкес сатып алуы кезінде олардың құнын анықтау әдістемесіне өзгерістерді бекіту мәселесін (егер ол ұйымдастырушы жиналыспен бекітілмеген болса, әдістемені бекіту) қарастырады.

3) Жалпы жиналыс Қоғамды қайта ұйымдастыру не тарату туралы мәселені қарастырады;

4) Заңның 22-бабының 5-тармағындағы негіздер бойынша дивиденд есептелмеген жағдайларды қоспағанда, артықшылықты акция бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап үш ай ішінде толық мөлшерінде төленбесе.

5) Осы баптың 8.7 тармағының 4) тармақшасымен көзделген жағдайда, артықшылықты акцияларға ие акционердің Қоғамды басқаруға қатысуы оған тиесілі артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді толық мөлшерде төлеген күннен бастап тоқтатылады.

8.8. Жарияланған акцияларды немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздарды орналастырғысы келетін, сондай-ақ бұрын сатып алынған көрсетілген бағалы қағаздарды сатқысы келетін Қоғам осындай шешім қабылданған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде өз акционерлеріне жазбаша хабарлама жасау немесе қаржылық есептілік депозитариінің Интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялау арқылы бағалы қағаздарды орналастыру туралы шешім қабылдаған Қоғамның органы белгілеген оларды орналастыру (сату) бағасы бойынша олардың қолында бар акцияларының санына мөлшерлес тең жағдайларда бағалы қағаздарды сатып алуды ұсынуға міндетті. Артықшылықпен сатып алу құқығына сәйкес акционер Қоғамның акцияларды орналастыру (сату) туралы хабарлама жасаған күнінен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде акцияларды не Қоғамның акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды сатып алуға өтініш беруге құқылы.

Мұндайда Қоғамның жай акцияларына ие акционер жай акцияларды немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздарды артықшылықпен сатып алуға, ал артықшылықты акцияларға ие акционер Қоғамның артықшылықты акцияларын сатып алуға құқығы бар.

Акционер артықшылықты сатып алу құқығы бойынша сатып алынатын акцияларды немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздарға төлем жүргізу оларды сатып алуға өтінімдер берілген күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырады.

8.9. Қоғам жарияланған акцияларды шығаруды мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап немесе акционерлердің Жалпы жиналысы жарияланған акциялардың санын көбейту туралы шешім қабылдаған күннен бастап бір ай ішінде ұсынуға міндетті.

Қоғамның акцияларын орналастыру және жарияланған акциялар санының шегінде оларды орналастыру бағасы туралы шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды. Акциялардың орналастырылуы акционерлердің қоғамның жай акцияларына айырбасталатын акцияларын немесе басқа бағалы қағаздарын артықшылықты сатып алу құқығын сату арқылы, бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында өткізілетін жазылым немесе аукцион, бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында өткізілетін жазылу немесе аукцион көмегімен, сонымен қатар осы Жарғымен, Заң мен Қазақстан Республикасының өзге заң шығарушы актілерімен қарастырылған жағдайларда Қоғамның бағалы қағаздары мен (немесе) қаржылық міндеттерді айырбастау көмегімен жүзеге асырылады.

Акционердің Қоғамның акциясын немесе жай акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағазды шеттетуі кезінде, оған Қоғамның акциясына немесе жай акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағазды сатып алуға деген өтінімді беру үшін берілген отыз күнтізбелік күн ішінде, артықшылықты сатып алу құқығына сәйкес, бұның алдындағы меншік иесі мұндай өтінімді бермеген жағдайында, осы құқық Қоғамның акциясына немесе жай акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағазға ие жаңа меншік иесіне ауысады.

Акцияларды орналастыру жөніндегі шешім қабылдаған Директорлар Кеңесімен осы орналастыруға арналып белгіленген акцияларды орналастыру бағасы осы акциялардың сатылу құнының ең төменгі бағасы болып табылады. Акцияларды орналастыру бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында өткізілетін жазылу немесе аукцион, бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында өткізілетін жазылу немесе аукцион арқылы жүзеге асырылады. Қоғамның жазылу арқылы орналастыратын акциялары артықшылықпен сатып алу құқығына сәйкес акцияларға ие болатын акционерлерді қоспағанда осы орналастырудың шегінде акцияларды сатып алатын барлық тұлғалар үшін бірыңғай бағамен сатылады. Акционерлер акцияларға орналастыру туралы шешім қабылдаған Директорлар кеңесінің белгілеген орналастырудың бірыңғай бағасы бойынша артықшылықпен сатып алу құқығына сәйкес ие болады. Акцияларды орналастыру туралы шешім қабылдаған Директорлар Кеңесімен осы орналастыру үшін белгілеген акцияларды орналастыру бағасы осы акциялар сатылуы мүмкін ең төменгі бағасы болып табылады.

8.10. Қоғам акционерлерінің тізілім жүйесін жүргізуді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес және Қоғам орталық депозитариймен жасаған шарттың негізінде орталық депозитарий жүзеге асырады.

8.11. осы Жарғыда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның орналастырылатын акцияларына төлем жасауға ақша, мүлдік құқықтар (оның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар) және өзге де мүлдік енгізілуі мүмкін.

Ақшадан басқа, өзге де мүлдікпен (бағалы қағаздан басқа) төлем жасау бағалаушы айқындайтын баға бойынша жүзеге асырылады.

Қоғамның орналастырылатын акцияларына қор биржасында айналыста болатын бағалы қағаздармен ақы төлеу қор биржасының бағалы қағаздарды бағалау әдістемесіне сәйкес қор биржасы айқындайтын нарықтық баға бойынша жүзеге асырылады. Акцияларға ақы төлеуге енгізілетін бағалы қағаздардың түріне қатысты көрсетілген әдістеме бойынша қор биржасы есептеген мұндай бағалы қағаздардың нарықтық бағасы болмаған жағдайда, олардың құнын бағалауды бағалаушы жүргізеді.

Орналастырылатын акция толық төленгенге дейін Қоғамның осы акцияны Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі (нақтылы ұстаушыны есепке алу жүйесіндегі) оны сатып алушының жеке шотына есептеу туралы бұйрық беруге құқығы жоқ.

8.12. Акцияларды орналастыру кезінде төмендегілерге тиым салынады:

1) орналастырылатын акцияларды сатып алу;

2) Қоғамның Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алу құқығы немесе міндеті қарастырылатын талаптары бар (шығарылу талаптары) шарттарды жасасуға (өндіруші бағалы қағаздарды сатып алу).

8.13. Бағалы қағаздардың қайталама нарығында Қоғамның дауыс беретін акцияларының отыз немесе одан көп пайызын не Қоғамның дауыс беретін акцияларының өзге санын дербес немесе өзінің үлестес тұлғаларымен жиынтықта сатып алуға ниетті, сатып алу нәтижесінде тұлғаға дербес немесе өзінің үлестес тұлғаларымен жиынтықта Қоғамның дауыс беретін акцияларының отыз немесе одан көп пайызы тиесілі болатын осы тұлға бұл туралы Қоғамның дауыс беретін акцияларын сатып алудың болжамды күніне дейін отыз жұмыс күні бұрын Қоғамға хабарлама жіберуге міндетті. Хабарламада Қоғамның сатып алынатын дауыс беретін акцияларының саны және олардың болжамды сатып алу бағасы туралы мәліметтер қамтылуға тиіс.

8.14. Қоғам акционерлердің Жарғының 8.15 тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаға Қоғамның акцияларын сатуына кедергі келтіруге құқылы емес. Қоғамның акцияларын сатқысы келетін тұлғаға, Жарғының 8.15 тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаға акцияларды Қоғамның өзінің немесе үшінші тұлғалардың Жарғының 8.15 тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлға ұсынған бағадан асатын баға бойынша сатып алуы туралы ұсыныс жасауға Қоғамның құқығы бар. Қоғамның акцияларын сатып алу туралы Қоғамның ұсынысында акциялардың саны, бағасы және акцияларды үшінші тұлғалар сатып алған жағдайда сатып алушылардың деректемелері туралы мәліметтер қамтылуға тиіс.

8.15. Бағалы қағаздардың қайталама нарығында Қоғамның дауыс беретін акцияларының отыз немесе одан көп пайызын не дауыс беретін акциялардың өзге санын дербес немесе өзінің үлестес тұлғаларымен жиынтықта сатып алған, сатып алу нәтижесінде тұлғаға дербес немесе оның үлестес тұлғаларымен жиынтықта Қоғамның дауыс беретін акцияларының отыз немесе одан көп пайызы тиесілі болған осы тұлға Қоғамға сатып алған күннен кейін он бес жұмыс күні ішінде қалған акционерлерге Қоғамның өздеріне тиесілі акцияларын сатуға ұсыныс жіберуге міндетті.

Қалған акционерлерге Қоғамның өздеріне тиесілі акцияларын сату туралы ұсыныста атын (атауын), тұрғылықты жерін (орналасқан жерін), Қоғамның оларға тиесілі дауыс беретін акцияларының санын қоса алғанда, Қоғамның дауыс беретін акцияларының отыз және одан көп пайызы жиынтығында тиесілі болған тұлға және оның үлестес тұлғалары туралы және Заңның 69-бабының 2-тармағына сәйкес айқындалатын, акцияларды сатып алудың ұсынылатын бағасы туралы деректер қамтылуға тиіс.

8.16. Қоғам Жарғының 8.15 тармағында көрсетілген акцияларды сату туралы ұсынысты алған күннен кейін үш жұмыс күні ішінде оны қаржылық есептілік депозитарийінің Интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде орналастыруды қамтамасыз етеді.

Қалған акционерлер Жарғының 8.15 тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаның Қоғамның өздеріне тиесілі акцияларын сату туралы ұсынысын акцияларды сату туралы ұсыныс жарияланған күннен кейін отыз жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қабылдауға құқылы.

Жарғының 8.15 тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаның ұсынысын қабылдаған акционер Қоғамның өзіне тиесілі акцияларын Жарғының 8.15 тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаның пайдасына иеліктен шығаруды Қоғамның өзіне тиесілі акцияларын сату туралы жазбаша келісім берген күннен кейін отыз жұмыс күні ішінде жүргізуге міндетті.

Жарғының 8.15 тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлға акционердің Қоғамның өзіне тиесілі акцияларын сату туралы жазбаша келісімін алған күннен кейін отыз жұмыс күні ішінде осы акцияларды төлеуге міндетті.

8.17. Бағалы қағаздардың қайталама нарығында Қоғамның дауыс беретін акцияларының тоқсан бес және одан көп пайызын не жиынтығында Қоғамның дауыс беретін акцияларының кемінде он пайызын құрайтын дауыс беретін акциялардың өзге санын дербес немесе өзінің үлестес тұлғаларымен жиынтықта сатып алған, сатып алу нәтижесінде тұлғаға дербес немесе өзінің үлестес тұлғаларымен жиынтықта Қоғамның дауыс беретін акцияларының тоқсан бес және одан көп пайызын тиесілі болған осы тұлға, сатып алу күнінен кейін алпыс жұмыс күні ішінде Қоғамның қалған акционерлерінен Қоғамның оларға тиесілі дауыс беретін акцияларын өзіне сатуды талап етуге құқылы.

Қоғамның өздеріне тиесілі дауыс беретін акцияларын сату туралы акционерлерге талапта атын (атауын), тұрғылықты жерін (орналасқан жерін), Қоғамның оған (оларға) тиесілі дауыс беретін акцияларының санын қоса алғанда, осы талапты мәлімдеген тұлға (тұлғалар) туралы және Жарғының 8.20 тармағына сәйкес айқындалатын, Қоғамның дауыс беретін акцияларын сатып алудың ұсынылып отырған бағасы туралы деректер қамтылуға тиіс.

8.18. Қоғам Жарғының 8.17 тармағында көрсетілген талапты алған күннен кейін үш жұмыс күні ішінде оны қаржылық есептілік депозитариінің Интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етеді.

8.19. Жарғының 8.17 тармағына көрсетілген тұлғаның талап етуі бойынша қалған акционерлер Қоғамның өздеріне тиесілі дауыс беретін акцияларын қаржылық есептілік депозитариінің Интернет-ресурсында талап жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күннен аспайтын мерзімде сатуға міндетті.

Акционерлердің осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде Қоғамның дауыс беретін акцияларымен өзге азаматтық-құқықтық мәмілелер жасауына тыйым салынады.

8.20. Акционерлердің өздеріне тиесілі дауыс беретін акцияларды Жарғының 8.17 тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаның талап етуі бойынша сату бағасы талап қойылған күні:

1) бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында қалыптасқан (егер Қоғам акциялары бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналыста болса);

2) бағалаушы Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес айқындаған (егер Қоғам акциялары бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналыста болмаса) нарықтық құн ретінде айқындалады.

8.21. Жарғының 8.17 баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлға қалған акционерлерден сатып алынатын Қоғамның дауыс беретін акцияларына Жарғының 8.21 тармағына сәйкес айқындалып ұсынылған сатып алу бағасы бойынша ақы төлеуге міндетті.

Жарғының 8.17 тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлға қалған акционерлерден сатып алатын Қоғамның дауыс беретін акцияларына ақы төлеуге арналған ақша Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде жаңартылған деректемелері бар осы акционерлердің банктік шоттарына аударылады.

8.22. Қоғамның бастамасы бойынша акционердің келісімімен орналастырылған акцияларды сатып алу, оларды кейіннен сату мақсатында немесе Қазақстан Республикасының заңдарына және Қоғамның Жарғысына қайшы келмейтін өзге де мақсаттарда жүргізілуі мүмкін.

Қоғамның бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алу Қоғамның оларды сатып алуы кезінде осы Заңмен белгіленген тәртіпте бекітілген акциялардың бағасын анықтау әдістемесіне сәйкес, Қоғамның акцияларды қорлық биржада ашық сатылым әдісімен сатып алу жағдайынан басқа жағдайларда жүзеге асырылады.

Орналастырылған акцияларды сатып алу Қоғамның бастамасы бойынша акционердің келісімімен, Қоғамның акцияны сатып алуы кезінде оның құнын айқындаудың Заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес, оларды кейіннен сату мақсатында немесе Қазақстан Республикасының заңдарына және Қоғамның Жарғысына қайшы келмейтін өзге де мақсаттарда жүргізілуі мүмкін.

Орналастырылған акцияларды сатып алу туралы шешімді Қоғамның директорлар кеңесі қабылдайды.

8.23. Қоғамның:

1) алғашқы акционерлердің жалпы жиналысы өткізілгенге дейін;

2) ұйымдастырушылар арасында акцияларды орналастыру қорытындылары жөніндегі бірінші есептің бекітілуіне дейін;

3) егер акцияларды сатып алу нәтижесінде Қоғамның өз капиталының мөлшері Заңмен белгіленген ең төменгі жарғылық капиталдың мөлшерінен аз болса;

4) егер акцияларды сатып алу кезінде Қоғам Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі не дәрменсіздігі белгілеріне сай келсе не аталған белгілер Қоғамда оның барлық талап етілетін немесе сатып алу болжанатын акцияларды сатып алу нәтижесінде пайда болса;

5) егер сот немесе акционерлердің Жалпы жиналысы Қоғамды тарату туралы шешім қабылдаса, өзінің орналастырған акцияларын сатып алуына құқығы жоқ.

8.24. Егер Қоғамның бастамасымен сатып алатын орналастырған акцияларының саны жалпы санының бір процентінен асса, Қоғам өз акционерлеріне мұндай сатып алуды хабарлауға міндетті.

Өзі орналастырған акцияларын сатып алу туралы хабарландыру баспасөзде жариялануы және сатып алынатын акциялардың түрі, саны, бағасы, мерзімі мен сатып алу шарттары туралы мәліметтерді қамтуы тиіс.

8.25. Қоғам орналастырылған акцияларды сатып алуды:

1) акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамды қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған (егер акционер Қоғамды қайта ұйымдастыру туралы мәселе қаралған акционерлердің жалпы жиналысына қатысып, оған қарсы дауыс берсе);

1-1) акционерлердің жалпы жиналысы Қоғам акцияларының делистингі туралы шешім қабылдаған (егер акционер акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаса немесе егер ол осы жиналысқа қатысып, аталған шешімді қабылдауға қарсы дауыс берсе);

1-2) сауда-саттықты ұйымдастырушы Қоғам акцияларының делистингі туралы шешім қабылдаған;

2) осы Заңда және Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіппен қабылданған ірі мәміле жасау туралы шешіммен және (немесе) жасалуында Қоғамның мүддесі бар мәміле жасау туралы шешіммен келіспеген;

3) акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның Жарғысына осы акционерге тиесілі акциялар бойынша құқықтарды шектейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдаған (егер акционер осындай шешім қабылданған акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаса немесе ол осы жиналысқа қатысып, аталған шешімнің қабылдануына қарсы дауыс берсе) жағдайларда өзіне қойылуы мүмкін Қоғам акционерінің талап етуі бойынша жүргізуге тиіс.

Акционер Жарғының 8 бабының 8.25 тармағының. 1)-3) тармақшаларында көрсетілген шешім қабылданған күннен бастап немесе сауда-саттықты ұйымдастырушы Қоғам акцияларының делистингі туралы шешім қабылдаған күннен бастап отыз күн ішінде Қоғамға жазбаша өтініш жіберу арқылы өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы Қоғамға талап қоюға құқылы.

Орналастырылған акцияларды акционердің талап етуі бойынша Қоғамның сатып алуы Қоғамның бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында акцияларды сатып алуы кезінде олардың құнын айқындаудың осы Заңда белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

Акционерлердің жалпы жиналысы немесе директорлар кеңесі шешім қабылдаған күннен бастап отыз күн ішінде акционер өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы Қоғамға жазбаша өтініш жіберу арқылы талап қоюға құқылы.

Аталған өтініш алынған күннен бастап отыз күн ішінде Қоғам акционерден акцияларды сәйкес белгіленген бағамен сатып алуға міндетті.

Қоғамның өз акционерлері сатып алуға өтініш берген орналастырылған акцияларының саны Қоғам сатып алуы мүмкін акциялардың санынан артық болған жағдайда бұл акциялар акционерлерден оларға тиесілі акциялардың санына барабар сатып алынады.

8.26. Қоғам сатып алған және сатып алатын орналастырған акцияларының саны орналастырылған акциялардың жалпы санының жиырма бес процентінен аспауы тиіс, ал Қоғамның орналастырған акцияларын сатып алуға шығындар өз капиталының мөлшерінің 10% (он пайызынан) аспауы тиіс:

1) Жарғының 8 бабының 8.26 тармағының 1), 1-1) және 3) тармақшаларында көрсетілген шешімдерді акционерлердің жалпы жиналысында қабылдау;

2) сату ұйымдастырушының Қоғам акцияларының делистингі жөніндегі шешімін қабылдау;

3) ірі келісім және (немесе) оның жүзеге асырылуында Қоғамның мүддесі бар келісімді жасасу жөніндегі шешім қабылдау;

4) Қоғамның бастамасымен орналастырған акцияларды сатып алғанда – Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алу туралы шешім қабылданған күнгі.

8.27. Қоғамның сатып алған акциялары акционерлердің Жалпы жиналысының кворумын анықтау кезінде ескерілмейді және онда дауыс беруге қатыспайды.

8.28. Кепілге салу шарттарымен өзгеше көзделмесе, акционердің өзі кепілге салған акциялары бойынша дивидендтер алуға дауыс құқығы бар.

8.29. Қоғамның үш айдан аса салықтар мен бюджетке төленетін басқа да төлемдері бойынша берешектері бар болғанда Қазақстан Республикасының мемлекет алдында салық міндеттемелерін орындалуына салық бақылауын қамтамасыз ететін мемлекеттік органы Қоғамның мерзімі өткен берешектерін мақсатында:

1) Қазақстан Республикасы салық заңнамасына сәйкес Қоғамның жарияланған акцияларын иемденуді шектеу туралы шешім қабылдауға;

2) Қоғамның жарияланған акциялары жоқ болғанда немесе олар Қоғамның мерзімі өткен берешектерін өтеуге жетпегенде Қоғамның жарияланған акцияларын мәжбүрлеп шығару, кейіннен орналастыру жолымен мерзімі өткен берешектерін өтеу туралы сотқа жүгінуге құқылы.

8.30. Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын акцияны немесе басқа да бағалы қағазды сатып алуға өтінім беру үшін өзіне берілген отыз күн ішінде Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын акцияны немесе басқа да бағалы қағазды акционер иеліктен айырса, бұрынғы меншік иесі осындай өтінім бермесе, артықшылықпен сатып алуға құқығына сәйкес бұл құқық Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын акцияның немесе басқа да бағалы қағаздың жаңа иесіне ауысады.

8.31. Қоғам көпшілік компаниясы деп танылған жағдайда бір «Алтын акцияны» енгізуге міндетті. "Алтын акцияны" енгізу акционерлердің жалпы жиналысының шешімінің негізінде жүзеге асырылады. Алтын акция формирования жарғылық капиталды қалыптастыруға және дивидендтерді алуға қатыспайды. «Алтын акцияның» иесі обладает акционерлердің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесі мен атқарушы органының Қоғамның Жарғысымен белгіленген мәселелер бойынша шешімдеріне вето қою құқығына ие. «Алтын акциямен» куәландырылған вето қою құқығы біреуге берілмейді.

8.32. Қоғам айырбасталатын бағалы қағаздарды шығаруға құқылы. Қоғамның акцияларға айырбасталатын бағалы қағаздарын шығаруға Қоғамның жарияланған және орналастырылған акциялары арасындағы айырма шегінде жол беріледі. Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау талаптары мен тәртібі айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару перспектисінде көрсетіледі.

9-БАП. ДИВИДЕНДТЕР

9.1. Қоғамның өз акционерлеріне оларға тиесілі акциялар бойынша төлейтін табысы дивиденд болып табылады. Қоғамның акциялар бойынша дивидендтері артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді қоспағанда дивидендтерді төлеу туралы шешімді акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беруші акциялардың жай көпшілігімен қабылданған жағдайда ақшамен немесе Қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді. Дивидендтерді Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша бағалы қағаздармен төлеуге жол берілмейді.

Дивидендтерді Қоғамның акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен төлеуге тек мұндай төлеу Қоғамның жарияланған акциялары және оның шығарған облигацияларымен жүзеге асырылатын, акционердің жазбаша келісімі бар болатын жағдайда жол беріледі.

9.2. Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді есептеуге:

- 1) өз капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;
- 2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сай келсе не аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса, дивидендтерді есепке жазуға жол берілмейді.
- 3) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Сақтандыру қызметі туралы» және «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда.

9.3. Дивидендтерді алуға құқығы бар акционерлердің тізімі дивидендтер төлеу басталатын күннің алдындағы күні, атап айтқанда жылдағы акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күні жасалуы тиіс. Төленбеген дивидендтері бар акцияларды иеліктен айыру Заңда және/немесе акцияларды иеліктен айыру туралы шартта өзгеше көзделмесе, акциялардың жаңа меншік иесіне оларды алу құқығымен жүзеге асырылады.

9.4. Дивидендтер Қоғамның өзі орналастырмаған немесе сатып алмаған акциялары бойынша, сондай-ақ сот немесе акционерлердің Жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаса, есептелмейді және төленбейді.

9.5. Жыл қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді акционерлердің Жалпы жиналысы қабылдайды. Акционерлердің жалпы жиналысы тек тоқсан немесе жартыжылдық қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы, бұл ретте төлем тек тиісті кезеңге Қоғамның қаржылық есептілігі аудитін өткізгеннен кейін ғана жүзеге асырылады. Тоқсан немесе жартыжылдық қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы Қоғамның шешімінде бір жай акцияға дивидендтің мөлшері көрсетіледі.

9.6. Дивидендтерді төлеу Қоғамның акцияларын ұстаушылары тізілімінің жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер бар болуы кезінде жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімді қабылдаған күннен бастап тоқсан күннен кешіктірмей жүзеге асырылуы тиіс.

Акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу акционер ол туралы Қоғамның акцияларын ұстаушылары тізілімінің жүйесіне қажетті мәліметтердің енгізілуін растайтын құжатпен Қоғамға жүгінуі сәтінен бастап тоқсан күн ішінде жүзеге асырылуы тиіс.

Акционер Қоғам берешегінің пайда болған мерзіміне қарамастан алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы.

Дивидендтер төлеуге белгіленген мерзімінде төленбеген жағдайда акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыруының ресми ставкасы ескеріліп, ақшалай міндеттеме немесе тиісті бөлігі орындалатын күнгі есептелетін өсімпұл төленеді.

9.7. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім төмендегідей мәліметтерді қамтуы тиіс:

- 1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банкілік және өзге де реквизиттері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) дивидендтің бір жай акцияға шаққандағы мөлшері;
- 4) дивидендтерді төлеу басталған күн;
- 5) дивидендтерді төлеудің тәртібі мен нысаны;
- 6) төлем агентінің атауы (төлем агенті болған кезде).

9.8. Артықшылығы бар акциялар бойынша дивидендтердің төлену мерзімділігі және ең аз мөлшері осы Жарғымен белгіленеді және құрайды:

- 1) Артықшылығы бар акциялар бойынша дивидендтер мөлшері кепілденген мөлшерде бір акцияға жылына 20 (жиырма) теңге болып белгіленген;
- 2) Олардың төлену мерзімділігі: жылына бір рет. Дивидендтерді төлеу Қоғамның акцияларын ұстаушылары тізілімінің жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер бар болуы кезінде дивидендтерді алуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасаған күннен бастап тоқсан күннен кешіктірмей жүзеге асырылуы тиіс.

Акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда, артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу акционер ол туралы Қоғамның акцияларын ұстаушылары тізілімінің жүйесіне қажетті мәліметтердің енгізілуін растайтын құжатпен Қоғамға жүгінуі сәтінен бастап тоқсан күн ішінде жүзеге асырылуы тиіс.

Артықшылығы бар акциялар бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшері, сол мерзімдегі жай акциялар бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшерінен кем болмауы керек. Артықшылығы бар акциялар иелеріне тиесілі дивидендтер толық көлемде төленген кезеңге дейін жай акциялар бойынша дивидендтердің төленуі жүргізілмейді.

9.9. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу мерзімі басталмас бұрын бес жұмыс күні ішінде Қоғам қаржылық есептік депозитарийінің интернет-ресурсында дивидендтер төлеу туралы ақпаратты төмендегідей мәліметтерді көрсетіп жариялауға міндетті:

- 1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банк және өзге де реквизиттері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) дивидендтерді төлеу басталған күн;
- 4) дивидендтерді төлеудің тәртібі мен нысаны.
- 5) дивидендтің бір артықшылықты акцияға шаққандағы мөлшері;

10-БАП. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ КЕПІЛГЕ САЛУ

10.1. Қоғамның бағалы қағаздары кепілге салудың мәні бола алады.

10.2. Акционерлер бағалы қағаздарды кепілге салуға құқылы.

Егер кепілге салу шарттарында өзгеше көзделмесе, акционердің өзі кепілге салған акциялар бойынша дивидендтер алуға да, дауыс беруге де құқығы бар.

10.3. Қоғам өзі орналастырған бағалы қағаздарын:

- 1) кепілге берілетін бағалы қағаздарға толық ақы төленген;
- 2) Қоғамның сатып алған акцияларын қоспағанда, Қоғамға кепілге берілетін және оның кепілінде жатқан акциялардың жалпы саны Қоғамның орналастырылған акцияларының 25 (жиырма бес) процентінен аспаған;
- 3) Қоғамның директорлар кеңесі кепіл туралы шартты мақұлдаған жағдайда ғана өзі шығарған бағалы қағаздарды кепілге қабылдай алады.

10.4. Қоғамның орналастырған және кепіліне салған акциялары бойынша дауыс құқығы кепіл шарттарымен өзгеше көзделмесе, акционерге тиесілі болады. Қоғам кепіліне салған өз акциялары бойынша дауыс беруге құқылы емес.

11-БАП. ҚОҒАМ ОРГАНДАРЫ

11.1. Қоғам органдары:

- 1) жоғарғы органы – Акционерлердің жалпы жиналысы;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы органы – Қоғам басқармасы;
- 4) Бақылау органы – Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша құрылуы мүмкін Ішкі аудит қызметі.

12-БАП. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

12.1. Қоғам жыл сайын акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге міндетті. Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізілуге тиіс. Аталған мерзім есепті кезеңдегі Қоғам қызметінің аудитін аяқтау мүмкіндігі болмаған жағдайда үш айға дейін ұзартылған деп саналады. Жылдық жиналыстан басқа Қоғам Акционерлердің кезектен тыс жиналыстарды өткізу құқылы.

12.2. Әрбір акционердің жалпы жиналыста дауыс беру кезінде оған тиесілі дауыс беретін акциялар санына тең келетін дауыс саны болады.

12.3. Акционерлердің жалпы жиналысына акционерлер, сондай-ақ шақырылған тұлғалар да қатыса алады.

12.4. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында Қоғамның жылдық қаржылық есебі бекітіледі, Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі мен Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивидендтің мөлшері анықталады, акционерлердің на действия Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне және оларды қаоау қорытындыларына өтініштерін қарау мәселесі қаралады. Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғамның акционерлерін Қоғамның Директорлар кеңесі мен атқарушы органының мүшелеріне сыйақы мөлшері мен құрамы туралы хабардар етеді. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне шешім қабылдауы жатқызылған басқа мәселелерді де қарауға құқылы.

12.5. Акционерлердің Кезектен тыс жалпы жиналысы:

- 1) Директорлар кеңесінің;
- 2) ірі акционердің бастамасымен шақырылады.

Ерікті түрде таратылу барысындағы Қоғамның акционерлерінің Кезектен тыс жалпы жиналысын Қоғамның тарату комиссиясы шақырып, әзірлеп және өткізе алады.

12.5.-1. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы ірі акционердің талабы Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері бойынша тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы директорлар кеңесіне қойылады, онда мұндай жиналыстың күн тәртібі болуға тиіс.

Қоғамның директорлар кеңесі ірі акционердің талабы бойынша шақырылған акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелерінің тұжырымдамаларына өзгерістер енгізуге және ұсынылған өткізу тәртібін өзгертуге құқылы емес. Қойылған талапқа сәйкес акционерлердің кезектен тыс жиналысы шақырылған кезде директорлар кеңесі жалпы жиналыстың күн тәртібін өз қалауы бойынша кез келген мәселелермен толықтыруға құқылы.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талапты ірі акционер (акционерлер) қойған жағдайда, мұндай жиналысты шақыруды талап етуші акционерлердің (акционердің) есімдері (атаулары) және оған тиесілі акциялардың саны, түрі көрсетілуге тиіс.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талапқа акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуші адам (адамдар) қол қояды.

Директорлар кеңесі аталған талапты алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде шешім қабылдауға және осындай шешім қабылданған кезден бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей осы талапты қойған адамға акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы не оны шақырудан бас тарту туралы хабарлама жіберуге міндетті.

Қоғамның директорлар кеңесінің ірі акционердің талап етуі бойынша акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы шешімі:

- 1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талапты қоюдың осы бапта белгіленген тәртібі сақталмаған;
- 2) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізуге ұсынылған мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда қабылдануы мүмкін.

Қоғамның директорлар кеңесінің акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы шешіміне сотта дау айтылуы мүмкін.

Егер Қоғамның директорлар кеңесі осы Заңда белгіленген мерзім ішінде қойылған талап бойынша акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешімді қабылдаса, оның шақырылуын талап етуші адам Қоғамды акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізуге міндеттеу талабымен сотқа жүгінуге құқылы.

12.6. Жалпы жиналысты әзірлеу мен өткізуді:

- 1) Қоғам басқармасы;
- 2) өзімен жасалған шартқа сәйкес орталық депозитариймен;
- 3) Қоғамның Директорлар кеңесі;
- 4) Қоғамның тарату комиссиясы жүзеге асырады.

12.7. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы Қоғамның органдары жылдық жалпы жиналысты шақырудың тәртібі бұзылған жағдайда кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімінің негізінде шақырылып, өткізілуі мүмкін.

Акционерлердің Кезектен тыс жалпы жиналысты Қоғамның органдары кезектен тыс жалпы жиналысты өткізудің талаптарын орындамаса, Қоғамның кез келген ірі акционерінің талап-арызы бойынша сот шешімінің негізінде шақырылып, өткізілуі мүмкін.

12.8. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі деректер негізінде орталық депозитарий жасайды. Аталған тізімді құрастыру күні Жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған күннен бұрын белгілеуге болмайды.

12.9. Акционерлердің Жалпы жиналысы атқарушы органның орналасқан жеріндегі елді мекенде өткізілуі мүмкін.

12.10. Акционерлерге алда акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күннен - күнтізбелік отыз күн бұрын, ал өткізу кезінде бір немесе одан көп акционерді хабардар ету үшін пошта байланысы құралдары пайдаланылатын сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында күнтізбелік қырық бес күн бұрын хабарлануға тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялануға не оларға жіберілуге тиіс. Егер Қоғам акционерлерінің саны елу акционерден аспаса, хабарлама акционерге жазбаша хабарлама жолдау арқылы жіберілуге тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы жазбаша хабарлама акционерлерге қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда жіберіледі.

Шешімі қатысу немесе аралас дауыс беру арқылы қабылданатын Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада:

- 1) Қоғам атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) Қоғам акционерлері жалпы жиналысының өткізілетін күні, уақыты және орны, жиналысқа қатысушыларды тіркеу басталатын уақыт, сондай-ақ егер алғашқысы өткізілмесе, Қоғам акционерлерінің өткізілуге тиісті болған жалпы жиналысының қайта өткізілетін күні және уақыты;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күн;
- 5) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Қоғам акционерлерін акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен таныстыру тәртібі;
- 7) акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі;
- 8) сырттай дауыс беруді өткізу тәртібі;
- 9) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілетін Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормалары болуға тиіс.

Аралас дауыс беру кезінде Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада осы бапмен көзделген ақпаратқа қосымша ретінде бюллетеньдерді берудің соңғы күні көрсетіледі.

Акционерлердің қайтадан өткізілетін жиналысы алғашқы жалпы жиналыс белгіленген күнінен кейінгі күннен ерте өткізілмейді.

12.11. Шешімі сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада:

- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;

- 3) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күн;
- 4) сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу үшін бюллетеньдерді берудің басталған және аяқталған күні;
- 5) сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу күні;
- 6) Қоғам акционерлері жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 7) Қоғам акционерлерін акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен таныстыру тәртібі;
- 8) дауыс беруді өткізу тәртібі;
- 9) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы соған сәйкес өткізілетін Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормалары қамтылуға тиіс.

12.12. Акционерлерге берілетін күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдарда негізделген шешімдерді қабылдау үшін қажетті ақпарат толық көлемді болуы тиіс.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізуге әзірлік кезінде акционерлерге берілуге тиісті материалдарда:

- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есебі;
- 2) Жылдық қаржылық есебіне аудиторлық есебі;
- 3) Директорлар кеңесінің Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі мен Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстары;
- 4) Қоғамның және оның лауазымдық тұлғаларының әрекеттеріне акционерлердің үндеуі мен олардың қарастырылуы жөніндегі ақпарат;
- 5) Жалпы жиналысты өткізу бастамашысының қарауынша өзге де құжаттар болуы тиіс.

Қоғамның органдарын сайлау болып мәселелері бойынша материалдарда ұсынылатын кандидаттар туралы төмендегідей ақпаратты қамтуы тиіс:

- 1) Тегі, аты, сондай-ақ қалауынша - әкесінің аты;
- 2) Білімі туралы мәліметтер;
- 3) Қоғамға үлестестігі туралы мәліметтер ;
- 4) Соңғы үш жылдағы жұмыс орындары мен атқарған лауазымдары туралы мәліметтер;
- 5) Кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне Қоғамның директорлар кеңесін сайлау (Қоғам Директорлары Кеңесіне жаңа мүшені сайлау) туралы мәселе енгізілген жағдайда материалдарда директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылып отырған кандидат қандай акционердің өкілі болып табылатындығы және (немесе) ол Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына кандидат болып табылатын-табылмайтындығы көрсетілуге тиіс. Егер Қоғамның Директорлар Кеңесі мүшесіне кандидат Қоғам акционері болып табылмаған жағдайда және Қоғамның Директорлар Кеңесіне акционер ретінде сайлануға ұсынылмаған акционер немесе жеке тұлға болып табылатын болса, онда бұл ақпарат та акционерлер тізімінің жасалу уақытында Қоғамның дауыс беру акцияларына акционердің ие болу бөлігі жөніндегі мәліметтердің енгізілуімен материалдарда көрсетілуі тиіс.

Күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар акционерлерді таныстыру үшін Қоғамның атқарушы органы орналасқан жерде жиналыс өткізілетін күнге дейін он күннен кешіктірілмей даяр етілуі тиіс, ал акционердің сауалы бар болатын кезде сауал алынатын күннен бастап үш жұмыс күн ішінде оған жіберілуі тиіс, Қоғам жеткізу бойынша шығыстарды төлейді.

12.13. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі қалыптастырады және ол талқылауға енгізілетін мәселелер нақты тұжырымдала отырып, толық тізбесін қамтуы тиіс.

Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының күн тәртібіне:

- 1) Қоғам акционерлері жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірілмей толықтырулар туралы хабардар етілген жағдайда, Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленетін акционерлер немесе директорлар кеңесі ұсынған осындай толықтырулар;
- 2) егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын және Қоғамның дауыс беретін акцияларының кемінде тоқсан бес пайызын жиынтығында иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі енгізілуіне дауыс берсе, өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Акционерлердің жалпы жиналысы шешімді сырттай және (немесе) аралас дауыс беру арқылы қабылдаған кезде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертіле алмайды және (немесе) толықтырыла алмайды.

Күн тәртібінде «түрлі», «өзге», «басқа» және сол сияқты тұжырымдалуын қоса алғанда кеңінен түсіндірілетін тұжырымдалуды қолдануға тыйым салынады.

Ашық тәртіппен өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі, егер оны шығару үшін орналастырылған (сатып алынғандарды шегерумен) артықшылықты акциялардың жалпы санынан кемінде екіден үшi дауыс берген кезде, шешімі артықшылықты акцияларға ие акционерлердің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселемен толықтырыла алады.

12.14. Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін тіркеу аяқталған кезде жиынтығында Қоғамның дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп процентін иеленген акционерлер тізіміне қосылған акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе, акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға хақылы.

12.15. Өткізілмеген жиналыстың орнына қайтадан шақырылған акционерлер жиналысы:

1) кворумның жоқтығынан болмай қалған Жалпы жиналысты шақыру тәртібі сақталмаса;
2) жиналысқа қатысу үшін тіркеу аяқталған кезде жиынтығында Қоғамның дауыс беретін акцияларының қырық және одан да көп процентін иеленген акционерлер (олардың өкілдері), соның ішінде сырттай дауыс беруші акционерлер тіркелсе, өкілетті болады.

12.16. Акционерлерге сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдермен берілген және жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеу кезінде Қоғам алған дауыстар кворумды айқындау және дауыс беру қорытындыларын шығару кезінде есепке алынады.

12.17. Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы өткізілген кезде үшін кворум болмайтын жағдайда жалпы жиналыс қайтадан өткізілмейді.

12.18. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (акционерлердің өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өзінің өкілеттігін растайтын сенімхатты көрсетуге тиіс.

Шешімдері аралас дауыс беру арқылы қабылданатын акционерлердің жалпы жиналысының кворумын айқындау кезінде сырттай дауыс берген акционерлердің (акционерлер өкілдерінің) бюллетеньдері ескеріледі.

Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысына келген акционер (акционердің өкілі) тіркелуге міндетті.

Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

12.19. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған кезде хабарланған уақытта ашылады.

Барлық акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелген, құлақтандырылған және жиналысты ашу уақытын өзгертуге қарсылық білдірмеген жағдайды қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысы хабарланған уақытынан ерте ашылмайды.

12.20. Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыстың төрағасын (төралқасын), хатшысын сайлауды өткізді. Акционерлер жиналысы дауыс беру нысанын: ашық немесе жабық (бюллетеньдер бойынша) таңдайды. Осы тармақта аталған тұлғаларды сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде әрбір акционер бір дауысқа ие болады, ал шешім қатысып отырғандардың жай көпшілік даусымен қабылданады. Қоғамның атқарушы органының мүшелері жиналысқа қатысып отырған акционерлер атқарушы органның құрамына кіретін жағдайларды қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.

12.21. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы Қоғам акционерлері жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығы және дұрыстығы үшін жауап береді.

12.22. Акционер акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша жеке өзі немесе өз өкілі арқылы дауыс беруге құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысында Қоғамның атқарушы орган мүшелерінің акционерлер өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ.

Қоғам қызметкерлерінің акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде, осындай өкілдік акционерлердің жалпы жиналысы күнтізбесінің барлық мәселелері бойынша дауыс беру жөніндегі нақты нұсқаулары бар сенімхатқа негізделген жағдайдан басқа жағдайларда сөз сөйлеуге құқығы жоқ.

Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе келісімшартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз іс-әрекет жасау немесе оның мүдделерін ұсынуға құқығы бар адам үшін қарастырылатын мәселелер бойынша жалпы жиналысқа қатысуға және дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.

12.23. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру төмендегідей:

- 1) бір акционерге берілетін заңнамамен көзделген жағдайларда акциялар бойынша дауыстардың санын барынша шектеуді;
- 2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивті дауыс беруді;
- 3) акционерлердің Жалпы жиналысын өткізудің процедуралық мәселелері бойынша жалпы жиналыста дауыс беру құқы бар әр тұлғаға бір дауыстан беруді қоспағанда Қоғамның «бір акциясы – бір дауыс» принципі бойынша жүзеге асырылады. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасайды және оған қол қояды, ол акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасына қоса тігіледі.

Дауыс беру бюллетеньдері Қоғамның мұрағатына сақталуға тапсырылады.

12.24. Дауыс берудің қорытындылары акционерлердің Жалпы жиналысында жария етіледі. Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлердің назарына акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде қаржылық есептілік депозитариінің интернет-ресурсында оларды қазақ және орыс тілдерінде жариялау арқылы және Қоғамның Жарғысында айқындалған тәртіппен (осындай тәртіп болған кезде) жеткізіледі.

12.25. Қоғамның акционерлері жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру арқылы отырысқа қатысқан акционерлердің қатысып дауыс беруімен (аралас дауыс беру) бірге не жалпы жиналыстың отырысын өткізбестен қолданылуы мүмкін.

12.26. Акционерлердің жалпы жиналысының отырысының сырттай дауыс беру жүргізілген кезде дауыс беру бюллетеньдері акционерлер тізіліміне енгізілген адамдарға жіберіледі (таратылады).

Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға:

- 1) пошта байланысының құралдары қолданылған кезде - акционерлердің жалпы жиналысы өткізілген күнге дейін күнтізбелік қырық бес күннен кешіктірілмей;
- 2) хабарлама электрондық тәсілмен жіберілген немесе ол қаржылық есептілік депозитариінің интернет-ресурсында орналастырылған кезде - акционерлердің жалпы жиналысы өткізілген күнге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей жіберілуге тиіс.

Акционерлерінің саны жүз және одан көп Қоғамда сырттай дауыс беру кезінде осы Қоғам қаржылық есептілік депозитариінің интернет-ресурсында акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламамен бірге акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді жариялауға міндетті.

Қоғамның жалпы жиналысында дауыс беру нәтижелеріне ықпал ету мақсатымен дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жеке акционерлерге іріктеп жіберуге құқылы емес.

12.27. Сырттай дауыс беру кезінде мынадай талаптар сақталуы тиіс:

- 1) күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үшін бірыңғай нысандағы бюллетень пайдалануға тиіс;
- 2) дауыс беруге арналған бюллетеньде:
 - Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
 - жиналысты шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;
 - сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді берудің нақты күні;
 - акционердің жалпы жиналысы жабылатын күн;
 - акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
 - егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сайлауға ұсынылатын кандидаттардың есімдері;
 - дауыс берілетін мәселелердің тұжырымдалуы;
 - акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс берудің «жақтайды», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен білдірілген нұсқалары;
 - күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібінің түсіндірмесі болуға тиіс.

Дауыстарды есептеу кезінде акционер бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасы қойылған мәселелер бойынша дауыстар есептеледі.

Жеке тұлға - акционердің не заңды тұлға - акционер басшысының немесе жеке тұлға - акционер өкілінің не заңды тұлға - акционер өкілінің қолы қойылмаған бюллетень жарамсыз деп есептеледі.

12.28. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу кезінде не акционерлердің жалпы жиналысы отырысы өткізілмей шешім қабылданғанда дауыстарды санау күніне қарай Қоғам алған бюллетеньдер дауыс беруге қатысады.

12.29.Сырттай дауыс беру нысанында қабылданатын шешімдер Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу үшін қажетті кворум сақталғанда заңды болып табылады.

12.30.Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей ресімделеді.

12.31.Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында төмендегілер көрсетіледі:

- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні, орны мен уақыты;
- 3) Акционерлердің жалпы жиналысына ұсынылған Қоғамның дауыс беретін акцияларының саны туралы мәліметтер;
- 4) жалпы жиналыстың кворумы;
- 5) Жалпы жиналыстың күн тәртібі;
- 6) Жалпы жиналыста дауыс беру тәртібі;
- 7) Жалпы жиналыстың төрағасы (төралқасы) және хатшысы;
- 8) Жалпы жиналысқа қатысатын тұлғалардың сөйлеген сөздері;
- 9) дауыс беруге қойылған Жалпы жиналыстың күн тәртібі әр мәселесі бойынша акционерлер дауыстарының жалпы саны;
- 10) дауыс беруге қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 11) акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер.

Жалпы жиналыста Қоғамның Директорлар кеңесін (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау мәселесі қаралатын жағдайда жалпы жиналыстың хаттамасында қандай акционердің өкілінің Директорлар кеңесінің сайланған мүшесінің және (немесе) Директорлар кеңесінің жаңа мүшесінің қайсысы тәуелсіз директоры болып табылатыны көрсетіледі.

12.32.Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының хаттамасына:

- 1) акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқа мүшелері) мен хатшысы;
- 2) есеп комиссиясының мүшелері қол қоюға тиіс.

12.33.Акционерлердің сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін жалпы жиналысының хаттамасына есеп комиссиясының мүшелері (егер есеп комиссиясын сайлау талап етілмесе - акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы) қол қоюға тиіс.

12.34.Жарғының 12.32 және 12.33 тармақтарында аталған адамдардың біреуі хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда, ол адам бас тарту себебіне жазбаша түсініктеме бере отырып, оған қол қоюдан бас тартуға құқылы, ол хаттамаға қоса тіркелуге тиіс.

12.35.Жалпы жиналыстың хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамасымен, Жалпы жиналысқа қатысу мен дауыс беру құқығына сенімхаттармен бірге тігіледі. Аталған құжаттар кез келген уақытта акционерлерге танысу үшін берілуі және Қоғам басқармасымен сақталуы тиіс. Акционерлердің талап етуі бойынша оған Жалпы жиналыстың хаттамасынан куәландырылған көшірме беріледі.

13-БАП. ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСТЫҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЕТІ

13.1. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Қоғамның Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін, сонымен қатар оған енгізілетін өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Қоғамды ерікті түрде қайта құру және тарату;
- 4) Қоғамның жарияланған акциялар санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастаудың шарттары мен тәртібін анықтау, сонымен қатар олардың өзгеруі;
- 6) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару жөніндегі шешім қабылдау;
- 7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттарын, мерзімдері мен тәртібін айқындау;
- 8) есеп комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттіктерінің мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) Директорлар кеңесінің сандық құрамы мен өкілеттіктерінің мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесі

мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағандығы үшін төленетін сыйақының және шығын өтемақысының мөлшері мен төлеу шарттарын анықтау;

10) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымын анықтау;

11) жылдық қаржылық есептемені бекіту;

12) Қоғамның есепті қаржылық жылы үшін таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшерін бекіту;

13) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу жөнінде шешім қабылдау;

14) Қоғам акцияларын ерікті делистингтеу жөнінде шешім қабылдау;

15) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін тапсыру (алу) арқылы өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне Қоғамның қатысуы немесе өзге заңды тұлғалардың қатысушылардың (акционерлердің) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

16) акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу;

17) Акциялардың құнын ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес, оларды Қоғамның ұйымдастырылмаған нарығында сатып алуы кезінде айқындау әдістемесіне өзгерістерді бекіту (құрылтай жиналысымен бекітілмеген болса, әдістемені бекіту);

18) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

19) акционерлерге, егер мұндай тәртіп Қоғамның Жарғысында айқындалмаса, Қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;

20) «алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;

21) нәтижесінде акционерлік Қоғам активтері теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны оның активтері теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдауы;

22) Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерімен қарастырылған өзге де мәселелер.

13.2. 13.1 тармағының 2) - 4) және 17 тармақшаларында аталған мәселелер бойынша шешімдерді Қоғамның дауыс беретін акцияларының білікті көпшілігі (кемінде дауыстардың $\frac{3}{4}$ -і) арқылы қабылдайды.

акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері Қоғамның дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

Жарғының 13.1 бабының 7) тармақшасында жайғастырылған акциялардың бір түрін екіншісіне ауыстырған бөлігінде көрсетілген мәселе бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімі қабылданған кезде, дәрежесі биік акцияларды иеленген акционердің құқықтарын шектей алатын шешім қабылданған болып есептеледі, егер, ол шешім үшін үштен екі бөлігінен кем емес жайғастырылған (сатып алынғандар есептелмейді) дәрежесі биік акциялар дауыс берген болса.

13.3. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайлардан басқа, Қоғамның басқа органдардың, лауазымды адамдардың және Қоғам қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

13.4. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімін жоюға құқылы.

14-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

14.1. Директорлар кеңесі – қолданыстағы заңнамамен және (немесе) Қоғам Жарғысымен Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылық жасауды жүзеге асыратын Қоғам органы. Директорлар кеңесінің шешімі осы баппен анықталған тәртіпте қабылданады.

14.2. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін атқарған кезде сыйақы төленеді және (немесе) олардың Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелері қызметтерін атқарумен байланысты шығыстары өтеледі. Мұндай

сыйақылар мен өтемақылардың мөлшері Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді.

14.3. Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау және 3 (үш) жылдық мерзімге Қоғамның даму жоспарын (стратегиясын) бекіту;
- 2) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдау, күн тәртібін құру, Жалпы жиналысқа қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күнін анықтау;
- 3) Заңның 18-бабы 1-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғаммен орналасқан акцияларды және басқа құнды қағаздарды сатып алуы туралы шешімді және оларды төлеп алу тәсілі мен бағасы туралы шешімді қабылдау. Бұл ретте, бұндай шешім Директорлар Кеңесі, өз акцияларын және басқа құнды қағаздарын Қоғам төлеп алатын жағдайда қабылдайды және оларды төлеп алу бағасы туралы шешімді қабылдайды, сонымен қатар, үшінші тұлғалардың акцияларын және басқа құнды қағаздарын Қоғам төлеп алатын жағдайда қабылдайды және оларды төлеп алу бағасы туралы шешімді қабылдайды;
- 5) Қоғамның жылдық қаржылық есептемені алдын-ала бекіту;
- 6) Директорлар кеңесінің комитеттері жөніндегі Ережелерін бекіту;
- 7) Қоғамның облигациялары мен бағалы қағаздарын шығару талаптарын анықтау, сонымен қатар оларды шығару жөнінде шешім қабылдау;
- 8) Қоғам Басқармасының сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін анықтау, төрағасы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) Басқарманың басшысы мен мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерлерін, еңбек ақы төлеу мен сый ақы берудің талаптарын анықтау;
- 10) Қоғамның Бас директорлар қабылдау, ауыстыру және жұмыстан босату туралы, сондай-ақ Қоғамның қызметіне дербес үстемеақы белгілеу туралы шешім қабылдайды және сыйлықақы туралы мәселелерді шешеді.
- 11) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
- 12) Корпоративтік хатшы уәкілеттігінің мерзімін белгілеу және анықтау, оның уәкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ лауазымдық еңбекақы мөлшері мен корпоративтік хатшының сыйақы талаптарын анықтау;
- 13) Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарық құнын бағалайтын аудиторлық ұйымның, сондай-ақ бағалаушы көрсеткен қызметтеріне төленетін ақының мөлшерін айқындау;
- 14) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), соның ішінде Қоғамның бағалы қағаздарының аукциондары мен жазылымдарын өткізудің талаптары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- 15) Қоғамның, сондай -ақ басқа заңды тұлғалардың филиалдары (өкілдіктерін) құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді немесе заңды тұлғалардың жарғыларын бекіту;
- 16) Қоғамның (жарғылық капиталына қатысу үлестері) басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын сатып алу туралы шешім қабылдау;
- 17) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп проценті Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 18) Қоғамның өз капиталының он және одан көп процентін құрайтын мөлшеріне ұлғайту міндеттемесі;
- 19) Қоғамның қызметтік, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңымен қорғалатын құпиясын құрайтын, қызметі туралы ақпаратты айқындау;
- 20) жасасу туралы шешім Жарғының 13.1 тармағының 21) тармақшасына және 19.3 тармағына сәйкес Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысымен қабылданатын ірі мәмілелерден басқа, ірі

мәмілер және Қоғамның жасасуына мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу туралы шешімдер қабылдау;

21) Қоғамның жылдық бюджетін бекіту;

22) Қоғамның есепке алу саясатын бекіту;

23) Қоғамның салық саясатын бекіту;

24) мүдделердің ықтимал қақтығысын, оның ішінде қоғам меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасқан кезде асыра пайдалануды лауазымды адамдар мен акционерлер деңгейінде қадағалауға және оларды мүмкіндігінше жоюға

25) Қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға тиіс

26) Қоғамның ұйымдық құрылымын бекітеді;

27) Заңмен және (немесе) Қоғам Жарғысымен қарастырылған, Қоғамның ішкі құжаттарымен, акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

14.4. Директорлар кеңесі Қоғамның Жарғысына сәйкес Басқарманың құзыретіне жататын мәселелер бойынша, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқылы емес.

14.5. Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелері акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге арналған бюллетендердің қолданылуымен, директорлар кеңесінде бір орынға бір кандидаттың ұсынылу жағдайынан басқа жағдайларда кумулятивтік дауыс беру арқылы сайланады. Кумулятивтік дауыс беру бюллетендері төмендегі бағаналардан құралу қажет:

1) директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың тізімі;

2) акционерге тиесілі дауыстар саны;

3) директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат үшін акционердің берген дауыстарының саны.

Кумулятивтік дауыс беруге арналған бюллетенге дауыс берудің «қарсы» және «ұстамдылық» деген нұсқаларын енгізуге тиым салынады. Басқарма төрағасынан басқа Қоғамның Басқарма мүшелері Директорлар кеңесінің мүшелері бола алмайды. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды. Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлануға ұсынылған (кеңес етілген) тұлғалардың қатарынан жеке тұлғалар директорлар кеңесінің мүшелері болып сайланады. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамынан отыз пайыздан кем түспейтін мүшелері тәуелсіз директорлары болуы тиіс.

14.6. Тәуелсіз директор – Қоғамның үлестес тұлғасы болып табылмайтын және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы 3 (үш) жыл ішінде ондай тұлға болмаған (оның Қоғамның тәуелсіз директоры қызметінде болған жағдайды қоспағанда), Қоғамның үлестес тұлғаларына қатынасы жөнінен үлестес тұлға болып табылмайтын; Қоғамның немесе Қоғам ұйымының үлестес тұлғаларының лауазымды адамдарына бағынышты емес және директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде сол тұлғаларға бағынышты болмаған; мемлекеттік қызметші болып табылмайтын; Қоғам органдарының отырыстарында акционердің өкілі болып табылмайтын және директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде сол акционердің өкілі болмаған; Қоғамның аудитору болып табылмайтын және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай аудитор болмаған; аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде Қоғамның аудитіне қатыспаған және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған директорлар кеңесінің мүшесі;

14.7. Директорлар кеңесінің ең маңызды мәселелерін қарау мен ұсынымдарын дайындау үшін Қоғамда директорлар кеңесінің

1) стратегиялық жоспарлау;

2) кадрлар мен сыйақылар;

3) ішкі аудит;

4) әлеуметтік мәселелер;

5) Қоғамның ішкі құжатымен көзделген өзге де мәселелер бойынша комитеттері құрылуы тиіс.

Директорлар кеңесінің жеке комитеті қарайтын ішкі аудит мәселелерін қоспағанда, осы тармақтың бірінші бөлігінде санамаланған мәселелерді қарау директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитетінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің комитеті Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс жасау үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады. Директорлар кеңесінің комитетін директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Тәуелсіз директорлар осы баптың 1 тармағында көрсетілген директорлар кеңесі комитеттерінің жетекшілері (төрағалары) болып табылады.

Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің комитетінің төрағасы бола алмайды. Директорлар кеңесінің комитеттерін құру мен жұмыс тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.

14.8. Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланған тұлғалар қолданыстағы заңнамаға қайшы келмесе, шектеусіз сан мәрте қайта сайлана алады. Директорлар кеңесінің мүшесі жеке тұлға ғана бола алады.

14.9. Акционерлердің Жалпы жиналысы Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттіктері акционерлердің жалпы жиналысы оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап тоқтатылады.

14.10. Директорлар кеңесінің өкілеттіктерінің мерзімі Қоғамның жаңа Директорлар кеңесін акционерлердің Жалпы жиналысы өтетін сәтте аяқталады.

14.11. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын өкілеттілігін тоқтату Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің құрамынан шығар алдында 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын Қоғамның Директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Осындай Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттілігі Қоғамның Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

14.12. Директорлар кеңесінің мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Директорлар кеңесінің акционерлердің Жалпы жиналысында ұсынылған жаңа мүшесін сайлау кумулятивті дауыс беру арқылы жүзеге асырылады, бұл ретте Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттіктері жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттіктері мерзімінің аяқталуымен бірге аяқталады.

14.13. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелерінің қатарынан Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыспен сайланады. Қоғамның Директорлар кеңесі төрағаны Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыспен кез келген уақытта қайта сайлауға құқылы.

14.14. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы:

- 1) Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын жүргізеді;
- 3) Жарғыда айқындалған басқа функциялар.

Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын директорлар кеңесінің шешімі бойынша директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

14.15. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесі төрағасының немесе Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша немесе:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің
- 3) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) ірі акционердің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап түскен күннен бастап он күннен кешіктірілмей шақыруы тиіс.

Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы өтініш Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына ұсынылған күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасына беріледі.

Директорлар кеңесінің төрағасы жиналысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы көрсетілген талаппен Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті Қоғамның Басқармасына жүгінуге құқылы. Мұндай кездесу көрсетілген талапты ұсынған адамның міндетті шақыруымен өтеді.

14.16. Директорлар кеңесі мүшелеріне Директорлар кеңесі отырысын өткізу туралы хабарламаны жіберу тәртібі Директорлар кеңесімен анықталады.

«Алтын акция» иегеріне – алдағы болатын отырысы туралы жазбаша хабарлама (күн тәртібі мәселелері бойынша материалдарды қоса алғанда) отырыс күніне дейін 15 күнтізбелік күн бұрын тапсырысты поштамен жіберіледі.

14.17. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің отырысына қатысуға келе алмауы туралы Басқармаға алдын ала хабарлауға міндетті.

14.18. Директорлар кеңесі отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесінің мүшелері санының жартысынан кем болмауы тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кворумға жетуге жеткіліксіз болса, Директорлар кеңесі Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңа

мүшелерін сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Қоғамның Директорлар кеңесінің қалған мүшелері акционерлердің мұндай кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдауға ғана құқылы.

14.19. Күн тәртібі мәселелері жөніндегі материалдар Қоғамның Директорлар Кеңесі мүшелеріне отырыстың өту күніне дейін кемінде 7 (жеті) күн бұрын ұсынылу қажет.

14.20. Қоғамның ірі мәміле немесе Қоғам мүдделі мәміле жасасу туралы шешім қабылдау жөніндегі мәселелердің қарастырылу жағдайында, мұндай мәміле жөніндегі ақпаратқа мәміле жасасқан тараптар, оның орындалу мерзімдері мен шарттары, тартылып отырған тұлғалардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі, сондай-ақ баға берушісінің есебі жөніндегі мәліметтер енгізілуі тиіс (Осы Жарғының 20.4.тт. сай).

14.21. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысында шешімдер Директорлар кеңесінің қатысып отырған мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысындағы мәселелерді шешу кезінде Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Дауыстар тең болған жағдайда Директорлар кеңесі төрағасының дауысы шешуші дауыс болады. Қоғамның Директорлар кеңесінің бір мүшесінің дауысын Қоғамның Директорлар кеңесінің екінші мүшесіне беруге тыйым салынады.

14.22. Директорлар кеңесінің шешімдер қабылдауы Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы мүмкін болады. Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум бар болған кезде қабылданған болып танылады. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделіп, оған Директорлар кеңесі отырысының төрағасы және хатшысы қол қоюы тиіс. Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде Директорлар кеңесінің мүшелеріне осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетеньдердің көшірмесімен қоса жіберуі тиіс.

14.23. Директорлар кеңесінің, оның отырысында ашық тәртіпте қабылданған шешімдері отырысты өткізген күннен бастап жеті күн ішінде, отырыста төрағалық еткен тұлғамен және Директорлар кеңесінің хатшысымен жасалуы мен қол қойылуы, сондай-ақ

- 1) Қоғам басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілу күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған сұрақтар және Қоғамның Директорлар Кеңесі отырысының күн тәртібі сұрақтарының әрбіреуі бойынша Қоғамның Директорлар Кеңесі мүшелерінің әрбіреуі берген дауысының қорытындысы сипат алған дауыс беру қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер көрсетілуі тиіс хаттамасымен ресімделеді.

14.24. Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын танысу үшін беруге және (немесе) оған Қоғамның уәкілетті қызметкерінің қол қоюымен және Қоғамның мөр бедерімен куаландырылған хаттамадан көшірмесін беруге міндетті.

Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдері Қоғамда сақталады.

Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған Қоғамның уәкілетті қызметкерінің қол қоюымен және Қоғамның мөр бедерімен куаландырылған хаттамадан және шешімнен көшірмесін беруге міндетті.

14.25. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Қоғамның директорлар кеңесінің осы Заңда және Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылдаған шешіміне қарсы дауыс берген Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен дау айтуға құқылы.

14.26. Акционер Қоғамның директорлар кеңесінің Заң және Жарғы талаптарын бұза отырып қабылдаған шешіміне, егер аталған шешім акционерлік Қоғамның және (немесе) осы акционердің құқығы мен заңды мүдделерін бұзса, сотта дау айтуға құқылы.

15- БАП. ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫ

15.1. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты алқалы атқарушы орган – Қоғам басқармасы жүзеге асырады. Қоғам басқармасын Басқарманың төрағасы басқарады.

15.2. Қоғам басқармасының шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған атқарушы органның отырысқа қатысқан барлық мүшелері қол қоюға және онда дауысқа қойылған мәселелер, атқарушы органның әр мүшесінің әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген, осы мәселелер бойынша дауыс беру қорытындылары қамтылуға тиіс. Қоғам басқармасы мүшесінің дауыс беру құқығын өзге адамға, оның ішінде қоғамның атқарушы органының басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді.

15.3. Басқарма Қоғам қызметінің Қазақстан Республикасы Заңнамамен және Жарғымен басқа органдардың және лауазымды тұлғалардың құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы, соның ішінде:

1) Қазақстан Республикасының Заңнамамен және Жарғымен белгіленген тәртіппен Қоғам атынан мәмілелер жасайды

2) Директорлар кеңесі мен Акционерлердің жалпы жиналысы нарауында жататын барлық мәселелерді алдын-ала талқылайды, осыған байланысты қажетті құжаттарды дайындайды, Директорлар кеңесі мен Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

3) Қоғам қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауын қамтамасыз етеді;

4) Қоғамның ағымдағы қызметін ұйымдастыру мақсатында құжаттарды қарайды және бекітеді;

5) Қоғамның барлық қызметкерлері үшін орындауға міндетті шешімдер шығарады және тапсырмалар береді;

6) есепке алуды, есептілікті, ішкі бақылауды ұйымдастыру туралы шешім қабылдайды;

7) бағалы қағаздарды шығару перспектісін бекітеді және акцияларды орналастыру бойынша жұмысын ұйымдастырады;

8) Қоғамның штат санын және еңбекақы төлеу қорын бекітеді;

9) өз капиталы мөлшерінің бірден он пайызына дейінгі соманы құрайтын Қоғамның міндеттемелерін ұлғайту туралы шешімдер қабылдайды, бұл ретте Қоғамның өз капиталы мөлшерінің көрсеткіші акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен Қоғамның соңғы жылдық қаржылық есептілігі деректеріне сәйкес анықталады;

10) Қоғамның қызметін ұйымдастыруға бағытталған құжаттарды (саясатты, ережелерді, нұсқауларды, процедураларды, регламенттерді, ережелерді, соның ішінде еңбек тәртібін, сату жоспарларын, сондай-ақ Қоғамның ағымдағы қызметін реттейтін басқа құжаттарды бекітеді. Директорлар кеңесінің немесе Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне тікелей қатысты құжаттар);

11) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың он пайызға дейінгі акциясын (жарғылық капиталға қатысу үлесін) сатып алуы (билік етуі) туралы шешімдер қабылдайды;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғамның Жарғысымен және ішкі құжаттарымен акционерлердің жалпы жиналысының және (немесе) Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылмаған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды. сондай -ақ Қоғамның лауазымды тұлғалары.

15.4. Қоғамның Қоғам басқармасының төрағасы мен мүшелерінің сандық құрамын анықтау, Қоғам басқармасының төрағасы мен мүшелерін сайлау, өкілеттіктерінің мерзімін, сондай-ақ өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Қоғамның директорлар кеңесінің шешімімен жүзеге асырылады. Басқарма мүшелері Қоғамның акционерлері мен акционерлері болып табылмайтын қызметкерлері бола алады. Басқарма кемінде 3 (үш) адамнан тұрады.

Басқарма мүшелерінің қызметі, құқықтары мен міндеттері қолданыстағы заңнамамен, Қоғам Жарғысымен, сондай-ақ олардың әрқайсысымен Қоғамның атынан Басқарма төрағасы жасасатын жеке еңбек шартымен анықталады. Еңбек шартына Қоғамның атынан Басқарма төрағасы Қоғамның директорлар кеңесінің төрағасы немесе жалпы жиналыс немесе Директорлар кеңесі бұған уәкілеттік берген тұлғамен жасалады. Басқарманың басқа мүшелерімен жасасатын еңбек шарты Басқарма төрағасымен Қоғам атынан жасалады.

15.5. Атқарушы органның veto құқығы бар мәселелері бойынша шешімдері, «алтын акцияның» иесімен келісуге жатады.

15.6. Басқарма мүшесі Қоғамның Директорлар кеңесінің келісімімен басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы. Атқарушы органның басшысы не Қоғамның атқарушы органының функцияларын

жеке дара жүзеге асыратын тұлғаның атқарушы органның басшысы не Қоғамның атқарушы органының, басқа заңды тұлғаның функцияларын лауазымын атқаруына құқығы жоқ.

15.7. Қоғам Басқарма мәміле жасасу сәтінде тараптар осындай шектеулерді білгенін дәлелдесе, Қоғамның белгілеген шектеулері бұзылып жасалған мәміленің жарамдылығына қатысты дауласуға құқылы.

15.8. Қоғам басқармасы акционерлердің Жалпы жиналысы мен Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

15.9. Басқарма отырысындағы шешімдер Жарғының 15.10. көзделген нормаларды есепке алумен дауыс беруге қатысқан Басқарма мүшелерінің көпшілік дауыспен қабылданады. Басқарма отырысын өткізу үшін кворум Басқарма мүшелерінің жалпы санынан 2/3 қатысуын құрайды. Қоғам Басқармасы мүшелерінің дауыстары тең болатын жағдайда, шешім қабылдау кезінде Басқарма Төрағасы шешуші дауысқа ие болады және Басқарма Төрағасы жақтап дауыс берген тиісінше шешім қабылданады.

15.10. Қоғам Басқармасының шешімдері отырысқа қатысқан барлық Басқарма мүшелері қол қоюы тиіс және дауыс беруге қойылған мәселелерді, әр мәселе бойынша Басқарманың әр мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсетумен олар бойынша дауыс беру нәтижелерін қамтуы тиіс;

15.11. Басқарма төрағасы:

- 1) Жалпы жиналыс пен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындаулуын ұйымдастырады;
- 2) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 3) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғамды ұсыну құқығына сенімхат береді;
- 4) Қоғам қызметкерлерін (Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, атқарушы орган мен қоғамның ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, қоғам қызметкерлеріне берілетін сыйлықақы мөлшерін айқындайды;
- 5) өзі болмаған кезде өз міндеттемелерін орындауды Басқарманың бір мүшесіне жүктейді;
- 6) Басқарма мүшелерінің арасындағы міндеттерін, сондай-ақ өкілеттіктері мен жауапкершілігінің салаларын бөледі;
- 7) Қоғамның және оның бөлімшелерінің банктік және басқа шоттарын ашады;
- 8) құзыретінің шегінде Қоғамның барлық қызметкерлері орындауға міндетті болып келетін бұйрықтар, өкімдер шығарады және нұсқаулар береді;
- 9) Басқарма отырыстарын шақырады және қажетті материалдарды қарастыруға ұсынады;
- 10) Қоғамның ағымдағы қызметіне қатысты, акционерлердің Жалпы жиналысы мен Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқарманың айрықша құзыретіне жатқызылмаған міндеттерін орындауға қажетті барлық басқа мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.
- 11) Қоғам Жарғысымен және Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерімен анықталған басқа да функцияларды орындайды.

Басқарма төрағасы өкілеттіктерінің бәрі немесе бөлігі тиісті сенімхатпен ресімделіп, шектеулі мерзімге берілуі мүмкін.

15.12. Филиалдың (өкілдіктің) директоры филиал қызметкерлерімен филиалдың еңбек қатынастары бойынша Жұмыс беруші (Қоғам) өкілі ретінде әрекет жасайды, қоспағанда еңбек қатынастарын реттеу Жарғының 13-бабы 15.3.-тармағына сәйкес Қоғам Басқарма құзыретіне жатады.

16-БАП. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

16.1. Қоғамдағы қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін Қоғамның Директорлар кеңесінің тиісті шешімімен Қоғамның Ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.

16.2. Ішкі аудит қызметі Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша үш жылдан аспайтын мерзімге сайланады. Өкілеттіктерінің мерзімі Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және оның алдында өзінің жұмысы туралы есеп береді.

16.3. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің және Қоғам басқармасының құрамына сайлана алмайды.

16.4. Ішкі аудит қызметі өз бастамасы бойынша немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің тапсыруы бойынша кез келген уақытта Қоғамның қызметін тексеруге құқылы. Ішкі аудит қызметі осы мақсат үшін Қоғамның барлық құжаттамасына шартсыз қол жеткізу құқығына ие. Ішкі аудит қызметінің талабы бойынша Қоғам қызметкерлері қажетті түсініктемелерді ауызша немесе жазбаша түрде беруге міндетті.

16.5. Ішкі аудит қызметінің жетекшісі өз қызметінің мәселелері қаралатын Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысуға, Директорлар кеңесінің күн тәртібіне енгізу үшін мәселелерді көтеруге, сондай-ақ Директорлар кеңесінің қарауына Ішкі аудит қызметінің қызметкері лауазымына тағайындау үшін үміткерлер бойынша ұсыныстарды енгізуге құқылы.

17- БАП. ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫ

17.1. Қоғамның лауазымды адамдары:

- 1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және қоғам мен акционерлердің мүдделерін мейлінше жоғары дәрежеде көрсететін әдістерді пайдаланады;
- 2) қоғамның мүлкін пайдаланбауға тиіс әрі оны қоғам жарғысына және акционерлердің жалпы жиналысы мен директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдалануға, сондай-ақ оны өз мақсаттарына пайдалануға жол бермеуге және өздерінің үлестес тұлғаларымен мәмілелер жасаған кезде асыра пайдаланбауға тиіс;
- 3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;
- 4) қоғамның қызметі туралы ақпараттың Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес ашылуы мен берілуін бақылайды;
- 5) егер қоғамның ішкі құжаттарында өзгеше белгіленбесе, қоғамның қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын, оның ішінде қоғамдағы жұмыс тоқтатылған сәттен бастап үш жылдың ішінде сақтауға міндетті.

17.2. Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелері:

- 1) хабардарлық, ашықтық негізінде, қоғамның және оның акционерлерінің мүдделері үшін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, қоғамның жарғысы мен ішкі құжаттарына сәйкес әрекет етуге;
- 2) барлық акционерлерге әділ қарауға, корпоративтік мәселелер бойынша объективті түрде тәуелсіз ой-пікір білдіруге тиіс.

17.3. Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғам және акционерлер алдында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өздерінің әрекеттерімен (әрекетсіздіктерімен) тигізген зияндары үшін, сондай-ақ төмендегі жағдайлардың :

- 1) жаңылыстыратын ақпаратты немесе қасақана жалған ақпаратты беру;
- 2) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзу;
- 3) олардың адалсыз әрекеттері мен (немесе) әрекетсіздіктері нәтижесінде, сонымен қатар Қоғаммен мұндай мәміле жасасу нәтижесінде олардың немесе олардың үлестес тұлғаларының пайда (кіріс) табуы мақсатында туындаған Қоғам шығындарына әкеп соққан Қоғам ынталылығы бар ірі мәмілелер мен (немесе) мәмілелер жасасуға және (немесе) оларды жасасу туралы шешім қабылдауға ұсыныс беру нәтижесінде пайда болған Қоғам шығындары үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

17.4. Осы Жарғыда қарастырылған жағдайларда акционерлердің жалпы жиналысымен қабылданған және олардың немесе олардың үлестес тұлғаларының пайда (кіріс) табуы мақсатында туындаған Қоғам шығындарына әкеп соққан ынталылыққа ие ірі мәмілелерді жасасу және (немесе) мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау, оларды жасасуға ұсынған лауазымдық тұлғасы немесе отырыста адалсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген Қоғам органына тиесілі лауазымдық тұлғасы жауапкершіліктен босатылмайды.

Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғам органымен қабылданған Қоғамды не акционерді шығынға ұшыратқан шешімге қарсы дауыс берген, немесе дауыс беруге қатыспаған жағдайда жауапкершіліктен босатылады.

17.5. Егер оның осы Жарғыда және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген Қоғамның лауазымдық тұлғаларының әрекет ету принциптерінің сақталуымен шешім қабылдаған кезінде өзекті (тиісті) ақпарат негізінде және қабылданған шешім Қоғам ынталылығына жағымды

әрекет етеді деп есептеп, әрекет еткені дәлелденсе, онда Қоғамның лауазымдық тұлғасы коммерциялық (кәсіпкерлік) шешім нәтижесінде туындаған шығындарды өтеуден босатылады.

17.6. Егер мәміле жасасу туралы шешім қабылдау кезінде мұндай мүліктің құны оның «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бағалаушы айқындаған нарықтық құнына анық мөлшерлес емес екені дәлелденетін болса, акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негізінде Қоғам немесе Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызын иеленетін (жиынтықта иеленетін) акционер (акционерлер) өз атынан Қоғам мүддесінде, жасалуына қызығушылығы болған және нәтижесінде Қоғам құны өзінің активтерінің жалпы теңгерімдік құны мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алған немесе иеліктен шығарған, лауазымды адамның және (немесе) оның үлестес тұлғаларының пайда (кіріс) алуына алып келген мәмілені Қоғамның жасасуы нәтижесінде Қоғамда туындаған зиян үшін лауазымды адамды жауапқа тарту туралы талап қойып сотқа жүгінуге құқылы.

17.7. Лауазымдық тұлға адалсыз әрекет ету және (немесе) әрекет етпеу жағдайында, акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негізінде, Қоғам немесе Қоғамның бес не одан артық дауыс беру акцияларына ие болған (жиынтықта ие болып отырған) акционер (акционерлер) өз атынан лауазымдық тұлғаға оның Қоғамға тигізген зиянын немесе шығынын өтеу, сондай-ақ Қоғам шығындарына әкеп соққан Қоғам ынталылығы бар ірі мәмілелер мен (немесе) мәмілелер жасасуға шешім қабылдаған (жасасуға ұсынған) тұлғаның және (немесе) оның үлестес тұлғарының пайданы (кірісті) Қоғамға қайтару жөнінде сотқа шағым беруге құқылы.

Егер осындай мәмілені жасасқанда және (немесе) жүзеге асырғанда Қоғамның аталған лауазымдық тұлғасы үшінші тұлғамен жасасқан келісім негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, осы Жарғының және Қоғамның ішкі құжаттарының немесе оның еңбек шартының талаптарын бұза отырып, әрекет еткен болса, онда Қоғам немесе Қоғамның бес не одан артық дауыс беру акцияларына ие болған (жиынтықта ие болып отырған) акционер (акционерлер) өз атынан Қоғамның лауазымдық тұлғасына және (немесе) сол үшінші тұлғаға Қоғамның осы үшінші тұлғамен жасасқан мәмілесі нәтижесінде Қоғамға келтірілген шығындарын өтеу туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы. Бұл жағдайда, аталған үшінші тұлға және Қоғамның лауазымды тұлғасы Қоғамға осындай шығындарды өтеу кезінде Қоғамның ниеттес борышкерлері ретінде болады.

Қоғамның бес не одан артық дауыс беру акцияларына ие болған (жиынтықта ие болып отырған) акционер (акционерлер) сот органдарына жүгінудің алдында Қоғамның лауазымдық тұлғаларының тигізген шығындарын Қоғамға өтеу және Қоғамға лауазымдық тұлғаларының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ынталылығы бар ірі мәмілелер мен (немесе) мәмілелер жасасуға шешім қабылдау (жасасуға ұсыну) нәтижесінде алған пайдасын (кірісін) Қоғамға қайтару жөніндегі мәселені директорлар кеңесінің отырысына шығару жөніндегі талаппен Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасына жүгінуге қажет.

Директорлар кеңесінің төрағасы осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген өтініш келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде директорлар кеңесінің көзбе-көз отырысын шақыруға міндетті.

Қоғамның Директорлар кеңесінің Қоғамның бес не одан артық дауыс беру акцияларына ие болған (жиынтықта ие болып отырған) акционердің (акционерлердің) арызы бойынша қабылдаған шешімі оған (оларға) отырыстың өту күнінен кейін үш күннен кешіктірмей жеткізіледі. Қоғамның Директорлар кеңесінің аталған шешімін алғаннан кейін немесе осы тармақта белгіленген мерзімде алмағаннан кейін Қоғамның бес не одан артық дауыс беру акцияларына ие болған (жиынтықта ие болып отырған) акционер (акционерлер) оның көрсетілген мәселе бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасына жүгінгендігін растайтын құжаттарының бар болған жағдайында, өз атынан Қоғам ынталылығын қорғау жөніндегі шағымымен сотқа жүгінуге құқылы.

17.8. Мәміленің жасалуына мүдделі және орындау нәтижесінде Қоғамға залалдар келтірілген мәміле жасасуды ұсынған лауазымды адамды қоспағанда, қоғамның лауазымды адамдары, егер Қоғамның органы қабылдаған, қоғамға не акционерге залалдар келтіруге әкеп соқтырған шешімге қарсы дауыс берсе немесе дәлелді себептермен дауыс беруге қатыспаса, жауаптылықтан босатылады.

17.9. Меншікке қарсы, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдар қызметінің мүдделеріне қарсы қылмыстарды жасағаны үшін сот кінәлі деп таныған, сондай-ақ көрсетілген қылмыстарды жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан

Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған Қоғамның лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен сотталғандығы жойылған немесе алынған не қылмыстық жауаптылықтан босатылған күннен бастап бес жыл бойы Қоғамның лауазымды адамдары, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілі міндеттерін орындай алмайды.

17.10. Қоғамның қаржылық есебі Қоғамның қаржылық дәрежесін бұрмалаған жағдайында, Қоғамның осы қаржылық есебіне қол қойған Қоғамның лауазымды тұлғалары бұның нәтижесінде материалдық шығынға ұшыраған үшінші тұлғаның алдында жауапты болады.

17.11. Осы баптың 17.7 және 17.8 тармақтарының ережелері Қоғамға осы баптың 17.6 тармағында көзделген мәмілені жасасу нәтижесінде туындаған, Қоғамға зиян келтірілген жағдайларға қолданылады.

17.12. Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғамның қызметі туралы ақпараттың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ашылуын және ұсынылуын бақылайды.

18- БАП. ҚОҒАМНЫҢ ҮЛЕСТЕС ТҰЛҒАЛАРЫ

18.1. Қоғамның үлестес тұлғалары мыналар:

- 1) Қоғамның ірі акционері;
- 2) Қоғамның тәуелсіз директорынан басқа, осы тармақтың 1), 3) және 8) тармақшаларда көрсетілген жеке тұлғаның жақын туыстары, күйеуі (әйелі), күйеуінің (әйелінің) жақын туыстары;
- 3) тәуелсіз директорды қоспағанда осы тармақтың 1), 4), 5), 6), 6-1), 7), 8), 9) және 10) тармақшаларында көрсетілген Қоғамның немесе заңды тұлғаның заңды тұлғасы;
- 4) Қоғамның ірі акционері не лауазымды тұлғасы болып табылатын тұлғамен бақыланатын заңды тұлға;
- 5) өзіне қатысты Қоғам ірі акционер не Қоғамның лауазымды адамы болып табылатын не мүліктегі тиісті үлесі бар заңды тұлға;
- 6) өзіне қатысты Қоғам ірі акционер болып табылатын немесе мүліктегі тиісті үлесі бар заңды тұлға;
- 6-1) оған қатысты осы тармақтың 6) тармақшасында көрсетілген заңды тұлға ірі акционер болып табылады немесе оның мүліктің сәйкес бөлігіне құқығы бар.
- 7) Қоғаммен бірге үшінші тұлғаның бақылауындағы заңды тұлға;
- 8) Қоғамның қабылдайтын шешімдерін анықтауға құқылы тиісті қолданыстағы шартымен Қоғаммен байланысты тұлға;
- 9) дербес немесе өзінің үлестес тұлғаларымен бірлесіп Қоғамның не осы тармақтың 1), 4), 5), 6), 6-1), 7), 8) және 10) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалардың дауыс беретін акцияларының (ұйымның қатысу үлесінің) он және одан да көп пайызын иеленетін, пайдаланатын және оларға билік жүргізетін тұлға;
- 10) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қоғамның үлестес тұлғасы болып табылатын өзге тұлға.

18.2. Қоғамның үлестес тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды.

18.3. Қоғам үлестес тұлғалардың немесе Қоғам тіркеушісінің берген мәліметтер негізінде өзінің үлестес тұлғаларын (уәкілетті органмен белгіленген тәртіпте тек ірі акционерлер болып табылатын тұлғаларға қатысты) тіркеуді жүргізуге міндетті. Қоғам үлестес тұлғалардың тізімін уәкілетті органға онымен белгіленген тәртіпте тапсырады.

18.4. Қоғамның үлестес тұлғалар болып табылатын жеке немесе заңды тұлғалар Қоғамға үлестестік туындаған күннен бастап жеті күш ішінде өз үлестес тұлғалар туралы мәліметтерді ұсынуға міндетті.

18.5. Қоғамның үлестес тұлғаларының қатысуымен өзара мәміле жасасуының ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді. Мұндай мәмілені жасаудың тәртібіне талаптардың сақталмауы кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша соттың оны жарамсыз деп тануына негіздеме болып табылады.

18.6. Мыналар:

- 1) коммерциялық емес ұйымның немесе кредиттік бюроның ірі акционерлері (қатысушылары) болып табылатын тұлғалар;
- 2) әрекет етуге қабілетсіз және қабілеті шектелген тұлғалар

үлестес болып табылмайды.

19- БАП. ІРІ МӘМІЛЕ

19.1. Қоғам жасайтын төмендегі мәмілелер ірі мәмілелерге жатады:

1) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы, оның (олардың) нәтижесінде Қоғам құны Қоғамның активтері құнының жалпы санынан жиырма бес немесе одан көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алады немесе иеліктен айырылады (сатып алуы және иеліктен айырылуы мүмкін);

2) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы, оның (олардың) нәтижесінде Қоғам саны Қоғамның орналастырылған құнды қағаздардың жалпы санынан жиырма бес немесе одан көп пайыз ол орналастырған құнды қағаздарын сатып алуы немесе қоғамның ол сатып алған құнды қағаздарын сатуы мүмкін;

19.2. Бір-бірімен өзара байланысты мәмілелерге төмендегілер жатады:

1) белгілі бір мүлікті сатып алу немесе иеліктен алуға қатысты бір немесе бір-бірімен үлестес тұлғалар жасайтын бірнеше мәмілелер;

2) бір шартпен немесе бір-бірімен байланысты бірнеше шарттармен ресімделетін мәмілелер.

19.3. Жасалуына мүдделілік бар ірі мәмілені Қоғамның жасасуы туралы шешім акционерлердің жалпы жиналысында Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

19.4. Қоғамның ірі мәмілелерді жасау тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді. Мұндай мәмілені жасаудың тәртібіне талаптардың сақталмауы кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша соттың оны жарамсыз деп тануы негіздеме болып табылады.

19.5. Белгіленген тәртіпті бұза отырып қасақана ірі мәміле жасаған тұлғаның мәмілені жарамсыз деп тануды талап етуге, егер мұндай талап бас пайдасын көздеу себебімен немесе жауапкершіліктен жалтару ниетінен туындаса құқығы жоқ.

20- БАП. МӘМІЛЕЛЕР ЖАСАУҒА МҮДДЕЛІЛІК

20.1. Қоғамның мәміле жасауға мүдделі тұлғалары (мүдделі тұлғалары) Қоғамның үлестес тұлғалары болып танылады, егер олар:

1) мәміленің тарабы болса немесе өкіл немесе делдал ретінде оған қатысса;

2) мәміленің тарабы болып табылатын заңды тұлғаның үлестес тұлғалары болса немесе өкіл немесе делдал ретінде оған қатысса,.

20.2. Мыналар:

1) акционерлердің Қоғамның акциялары мен басқа да бағалы қағаздардың сатып алу, Қоғамның өзінің орналастырылған акцияларын сатып алу бойынша мәміле;

2) банкілік коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын құпияларды қамтитын мәліметтерді жария етпеу туралы міндеттемелерді қабылдау бойынша мәміле;

3) Қоғамды осы Заңға сәйкес жүзеге асырылатын қайта ұйымдастыру;

4) Қоғамның өз үлестес тұлғамен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға қатысты жасаған мәміле

5) оның типтік формасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген Қоғамның өз үлестес тұлғасымен шарт жасасуы мәміле болып табылмайды.

20.3. Мүдделілік болуына орай Қоғамның мәмілені жасасуы туралы шешім, осындай мәміленің үлгілік шарттарын Қоғамның директорлар кеңесі бекіткен жағдайларды қоспағанда, оның жасалуына мүдделі емес директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

20.4. Нәтижесінде Қоғам активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәмілені жасасу туралы шешім Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамалық актісіне сәйкес бағалаушы айқындаған осы мүліктің нарықтық құны ескеріле отырып қабылдануға тиіс.

Егер осындай мәміле нысанасы ақша және (немесе) бастапқы нарықта шығарылатын (орналастырылатын) бағалы қағаздар және (немесе) бұрын банк болып табылған заңды тұлғаның активтері және (немесе) талап ету құқықтары болса, бағалау жүргізілмейді.

20.5. Қоғамның жасалуына мүдделілік бар мәмілені жасауы туралы шешімді жалпы жиналысы жасалуына мүдделі емес акционерлердің көпшілік даусымен:

- 1) егер Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық мүшелері мүдделі тұлғалар болып табылса;
 - 2) шешім қабылдауға қажетті дауыстардың саны жоқ болғандығынан мұндай мәмілені жасау туралы шешімді Директорлар кеңесі қабылдай алмаса, қабылдайды.
- 20.6. Егер Қоғамның директорлар кеңесінің барлық мүшелері және жай акцияларды иеленетін барлық акционерлер мүдделі адамдар болып табылған және (немесе) директорлар кеңесі шешім қабылдауға қажетті дауыс санының болмауы себебінен мұндай мәмілені жасау туралы шешім қабылдай алмаған жағдайларда, мүдделілік болуына орай Қоғамның мәмілені жасауы туралы шешімді акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылдайды.
- 20.7. Бұл ретте акционерлердің жалпы жиналысына негізделген шешімді қабылдауға қажетті ақпарат (құжаттарымен қоса) беріледі.
- 20.8. Жасалуына мүдделілік бар ірі мәмілені Қоғамның жасауы туралы шешім акционерлердің жалпы жиналысында Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.
- 20.9. Ірі мәмілені және жасалуына мүдделілік болған мәмілені жасау кезінде осы Заңда көзделген талаптарды сақтамау, сондай-ақ өзге де мәмілелерді Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұза отырып жасау осы мәмілелерді Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және негіздер бойынша мүдделі тұлғалардың талап қоюы бойынша сот тәртібімен жарамсыз деп тануға алып келуі мүмкін.
- 20.10. Ірі мәмілені және (немесе) жасалуында мүдделілік болған мәмілені жасау кезінде осы Заңда белгіленген тәртіпті және (немесе) шарттарды сақтамау Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа алып келеді.

21-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ МЕН АУДИТІ

- 21.1. Қоғамның қаржылық жылы күнтізбелік жыл (1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанға дейін) болып табылады.
- 21.2. Бухгалтерлік есеп жүргізудің және Қоғамның қаржылық есебін құрудың тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік тіркеу және қаржылық есеп айырысу жөніндегі заңнамасымен және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарымен белгіленеді.
- 21.3. Атқарушы орган жыл сайын акционерлердің жалпы жиналысына талқылау және бекіту үшін Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет жөніндегі заңдарына сәйкес жасалған аудитті, өткен жылғы жылдық қаржылық есептілікті табыс етеді.
- 21.4. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын өткізетін күнге дейін кемінде отыз күннен бұрын Директорлар кеңесі алдын ала бекітуі тиіс.
- 21.5. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекіту акционерлердің жылдық Жалпы жиналысында жүргізіледі.
- 21.6. Қоғам шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті, ал еншілес ұйымы (ұйымдары) болмаған жағдайда шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде қаржылық есептілік депозитарінің интернет-ресурсында жыл сайын жариялауға міндетті.
- 21.7. Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле туралы ақпарат қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікке түсіндірме жазбада жария етіледі, сондай-ақ осы Заңда және «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарға сәйкес акционерлер мен инвесторлардың назарына жеткізіледі.
- 21.8. Нәтижесінде Қоғамның активтерінің көлемінен он және одан артық пайыз соммасындағы мүліктің сатып алынуы немесе шеттетілуі жүргізіліп отырған мәміле жөніндегі ақпаратқа мәмілені жасау жақтары, мерзімдері мен оның шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу бөлігінің сипаты мен көлемі, сонымен қатар өзге мәліметтер жөніндегі мағлұмат енізілуі тиіс.
- 21.9. Қоғам Қоғамның қаржылық есептілігін, сондай-ақ оның ағымдағы жағдайын тексеру және дұрыстығын растау үшін аудиторлық тексеру өткізуге құқылы.
- 21.10. Қоғам жылдық қаржылық есептілігінің аудитін өткізуге міндетті.
- 21.11. Қоғамның аудиті директорлар кеңесінің, атқарушы органының бастамасы бойынша, Қоғам есебінен немесе ірі акционердің талабы бойынша, оның есебінен жүргізіледі, мұндайда ірі акционер өз бетімен аудиторлық ұйымды анықтауға құқылы. Ірі акционердің талабы бойынша

аудиттің жүргізілу жағдайында Қоғам аудиторлық ұйым сұраған барлық қажетті құжаттамаларды (материалдарды) ұсынуға міндетті.

21.12. Егер Қоғам басқармасы аудит өткізуден бас тартса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

22- БАП. ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯ ЕТУІ

22.1. Қоғам «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және уәкілетті органың нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен ақпаратты қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында жария етуге міндетті.

22.2. Қоғамның қызметіне қатысты құжаттар Қоғам өз қызметінің барлық мерзімінде сақталуға жатады. Мұндай құжаттарға төмендегілер жатады:

- 1) Қоғам Жарғысы (барлық өзгертулері мен толықтыруларымен бірге);
- 2) құрылтай жиналысының хаттамалары;
- 3) Құрылтай шарты (барлық өзгертулері мен толықтыруларымен бірге);
- 4) Қоғамның қызметтің белгілі бір түрімен айналысуға және (немесе) белгілі бір әрекеттерді жасауға рұқсат құжаттар;
- 5) Қоғамның теңгеріміндегі (болған) мүлікке құқықтарын растайтын құжаттар;
- 6) Қоғамның бағалы қағаздар шығарылымының проспектісі;
- 7) Қоғамның бағалы қағаздар шығарылымының мемлекеттік тіркелуін, бағалы қағаздардың күшін жоюын, сондай-ақ уәкілетті органға ұсынылған Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру мен өтеудің қорытындылары туралы есептердің бекітілуін растайтын құжаттар;
- 8) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелер;
- 9) Акционерлердің жалпы жиналыстарының хаттамалары, дауыс беру қорытындылары туралы хаттамалар мен бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер), акционерлердің жалпы жиналыстарының күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдар;
- 10) Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу үшін ұсынылатын акционерлер тізімдері;
- 11) директорлар кеңесі отырыстарының (сырттай өткізілген отырыстар шешімдерінің) хаттамалары мен бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер), директорлар кеңесінің күн тәртібіндегі осы Заңға, Қоғамның Жарғысына және мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару проспектісіне сәйкес акционерлердің құқықтарын қозғайтын мәселелер бойынша материалдар;
- 12) Басқарма отырыстарының хаттамалары (шешімдері).
- 13) Корпоративтік басқару кодексі, бар болған жағдайда.

22.3. Өзге құжаттар, соның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзімде сақталады.

22.4. Үшінші тұлғаларға белгісіз болуына байланысты ақпараттың нақты немесе потенциалды коммерциялық құны болып, онымен заңды негізде еркін танысуға болмайды және ақпаратты иеленуші оның құпиялылығын сақтауға шара қолданады, қызметтік немесе коммерциялық құпия болып табылады. Қоғам акционерлерінің, жұмысшыларының, шарттар бойынша контрагенттердің немесе басқа тұлғалардың мұндай ақпаратпен танысу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қабылданған және бекітілген Қоғамның ішкі құжаттарымен анықталады.

22.5. Қоғам акционердің талабы бойынша оған құжаттардың көшірмелерін беруге міндетті. Қоғамның «Құпиялы», акционерге белгілі болған «Қызметте қолдану үшін» деген белгісі бар қызметі туралы ақпаратты жазбаша немесе үшінші тұлғаларға өзге нысанда беруге болмайды. Мұндай ақпаратқа ие акционер оны құпияда сақтауға міндетті. Құпиялы ақпаратты жария ету Қоғамның Басқарма төрағасының рұқсатымен ғана мүмкін болады, ондай болмаған жағдайда Акционер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

22.6. Қызметтік, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпараты бар, Қоғамның бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналысқа салу және айырбастаудың кейбір мәселелерін реттейтін құжаттар оның талабы бойынша танысу үшін акционерге ұсынылуы тиіс.

22.7. Қоғам жұмысшыларының, акционерлерінің және басқа тұлғалардың Қоғамға тиесілі және мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерге жатқызылатын ақпаратпен танысу тәртібі Қазақстан

Республикасының «Мемлекеттік құпиялар туралы» заңнамасымен аталған тұлғалардың мұндай мәліметтермен танысуға рұқсат ету дәрежесіне сәйкес анықталады.

22.8. Қоғам өз акционерлеріне хабарлауға міндетті ақпарат «Егемен Қазақстан» республикалық газетінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы Жарғымен қарастырылған тәртіпте және мерзімде жарияланады.

23- БАП. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

23.1. Қоғамды қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

23.2. Қоғам бөліну немесе бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылатын кезде Қоғамның несиегерлері борышкері Қоғам болып табылатын міндеттемелерін мерзімінен тоқтатуды және шығындарды өтеуді талап етуге құқылы.

Бірігу нысанында қайта ұйымдастыру туралы шешімді өткізу актісі және бірігу жөніндегі шартты бекітетін Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды. Бірігу туралы шартқа қайта ұйымдастырылатын қоғамдардың барлық акционерлері қол қоюға тиіс.

Өткізу актісіне атқарушы органдардың басшылары мен қайта ұйымдастырылатын қоғамдардың бас бухгалтерлері қол қояды.

23.3. Қайта ұйымдастырылатын қоғамдар өздерінің барлық кредиторларына қайта ұйымдастыру туралы жазбаша хабарламалар жіберуге және қаржылық есептілік депозитариінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде тиісті хабарландыру беруге міндетті. Хабарламаға өткізу актісі қоса тіркеледі.

23.4. Қосылу нысанында қайта ұйымдастыру туралы шешімді өткізу актісін және қосылу жөніндегі шартты бекітетін, сондай-ақ өткізу актісіне және қосылу жөніндегі шартқа қол қоятын уәкілетті адамды анықтайтын Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды.

Қосылатын Қоғам өзінің барлық несиегерлеріне бірігу туралы жазбаша хабарламаны жіберуге және қаржылық есеп депозитариясының интернет қорларында қазақ және орыс тілдерінде тиісті хабарландыру жариялауға міндетті. Хабарландырумен бірге өткізу актісі, сонымен қатар, Қосылатын қоғамның атауы мен орналасқан жері бойынша ақпарат болуы тиіс.

23.5. Қоғамның бөлінуі туралы шешімді Акционерлердің Жалпы жиналысы қабылдайды. Шешім қайта құрылатын Қоғамның акцияларын жаңадан құрылатын Қоғамдардың акцияларына айырбастаудың тәртібін анықтауы тиіс. Қоғам Жалпы жиналыста бөліну туралы шешім қабылданған сәттен бастап бұл шешім туралы шешім қабылданғаннан кейін туындайтын міндеттемелер бойынша несиегерлерге хабарлауға, сондай-ақ бөліну туралы шешім қабылданған күннен бастап екі ай мерзімде өзінің барлық несиегерлеріне бөліну туралы жазбаша хабарламаны жіберуге және қаржылық есеп депозитариясының интернет қорларында қазақ және орыс тілдерінде тиісті хабарландыру жариялауға міндетті. Хабарландырумен бірге бөліну теңгерімі болуы керек.

23.6. Акционерлердің жалпы жиналысы бөлініп шығу туралы шешім қабылдаған күннен кейін екі ай мерзімде Қоғам өзінің барлық кредиторына бөлініп шығу нысанында қайта ұйымдастыру туралы жазбаша хабарлама жіберуге және қаржылық есептілік депозитариінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде тиісті хабарландыру беруге міндетті. Хабарламаға бөліну теңгерімі, сондай-ақ бөлініп шыққан әрбір қоғамның атауы, орналасқан жері туралы мәліметтер қоса тіркеледі.

23.7. Қоғам шаруашылық серіктестігі немесе өндірістік кооператив болып қайта құрылуға құқылы, оған қайта құрылатын Қоғамның барлық құқықтары мен міндеттері өтеді. Акциялар шығарылымының күші жойылған күні орталық депозитарий жасаған акционерлер тізіміне енгізілген тұлғалар акционерлік қоғамнан қайта құрылған жаңа заңды тұлғаның қатысушылары болады.

23.8. Қоғамды ерікті түрде тарату туралы шешім несиегерлердің келісімі бойынша және заңнамалық актілерге сәйкес олардың бақылауымен тарату рәсімін анықтайтын акционерлердің Жалпы жиналысымен қабылданады.

23.9. Қоғамды мәжбүрлеп тарату Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда сотпен жүзеге асырылады.

23.10. Қоғамды тарату туралы талап егер заңнамалық актілерде өзгеше қарастырылмаса, мүдделі тұлғалармен сотқа берілуі мүмкін.

23.11. Соттың немесе жалпы жиналыстың Қоғамды тарату туралы шешімімен тарату комиссиясы тағайындалады. Тарату комиссиясы Қоғамның таратылуы кезеңінде оны басқару және тізбесі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген іс-әрекет жасау жөніндегі өкілеттіктерге ие болады.

23.12. Тарату комиссиясының құрамында Қоғам несиегерлерінің өкілдері, ірі акционерлердің өкілдері, сонымен қатар, акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес үшінші тараптар болуы тиіс.

23.13. Несиегерлермен есеп айырысу аяқталғаннан кейін таратылатын Қоғамның қалған мүлік акционерлердің арасында тарату комиссиясымен мынадай кезектілікпен бөлінеді:

- 1) бірінші кезекте Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өтелуге тиісті акциялар бойынша төлемдер жүзеге асырылады;
- 2) екінші кезекте артықшылықты акциялар бойынша есептелген және төленбеген дивидендтерді төлеу жүзеге асырылады;
- 3) үшінші кезекте - жай акциялар бойынша есептелген және төленбеген дивидендтерді төлеу жүзеге асырылады.

Қалған мүлік барлық акцияларды иеленушілердің арасында оларға тиесілі акциялардың санына бара-бар бөлінеді, бұл ретте акционерлер – артықшылықты акцияларды иеленушілер Қоғам таратылатын кезде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген тәртіпте акционерлер – жай акцияларды иеленушілердің алдында мүліктің бөлігіне басым құқыққа ие болады. Әрбір кезектің мүліктерін бөлу алдындағы кезектің мүліктерін толық бөлгеннен кейін жүзеге асырылады. Егер таратылатын Қоғамның мүлкі есептелген, бірақ төленбеген дивидендтерді төлеу және артықшылықты акциялардың құнын өтеу үшін жеткіліксіз болса, аталған мүлік осы санаттағы акционерлердің арасында оларға тиесілі акциялардың санына бара-бар толық бөлінеді.

24 - БАП. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

24.1. Осы Жарғы баптарының тақырыптары оның түсіндірмесіне әсер етпеуі керек.

24.2. Егер осы Жарғының бір ережесі жарамсыз болып қалса, онда бұл басқа ережелерге қатысы жоқ болады. Жарамсыз ереже құқықтық қатынаста жол берілетін, мағынасы бойынша жақын ережемен ауыстырылады.

24.3. Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзгертулер мен толықтыруларды Жарғыға акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен енгізуге болады.

25- БАП. КҮШІНЕ ЕНУ

25.1. Осы Жарғы әділет органдарында тіркелген күннен бастап күшіне енеді және Қоғам мен оның акционерлері үшін міндетті болып табылады.

Басқарма төрағасы



Тулегенов Е.К.

Тулегенов Ертале Кабдулович



УТВЕРЖДЕН

**Решением единственного акционера
от «13» сентября 2021 года**

**Устав
Акционерного общества
«Jusan Mobile»**

2021 год

Настоящий Устав разработан в новой редакции в соответствии с Законом Республики Казахстан от 13 мая 2003 года №415-ІІ «Об акционерных обществах» (в дальнейшем именуемый «Закон») и действующим законодательством Республики Казахстан и определяет правовые основы организации и функционирования акционерного общества «Jusan Mobile».

СТАТЬЯ 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

- 1.1. Акционерное общество «Jusan Mobile» (в дальнейшем именуемое «Общество») является юридическим лицом, действующим в соответствии с законодательством Республики Казахстан.
- 1.2. Общество создано без ограничения срока деятельности.

СТАТЬЯ 2. НАИМЕНОВАНИЕ И МЕСТО НАХОЖДЕНИЯ ОБЩЕСТВА

- 2.1. Официальное полное наименование Общества:
На государственном языке: «Jusan Mobile» акционерлік қоғамы
На русском языке: Акционерное общество «Jusan Mobile»
На английском языке: Jusan Mobile Joint Stock Company
Официальное сокращенное наименование Общества:
На государственном языке: «Jusan Mobile» АҚ
На русском языке: АО «Jusan Mobile»
На английском языке: Jusan Mobile JSC
- 2.2. Место нахождения исполнительного органа: Республика Казахстан, 050009, г. Алматы, ул. Радостовца, д.69.
- 2.3. Юридический адрес: Республика Казахстан, 050009, г. Алматы, ул. Радостовца, д.69.

СТАТЬЯ 3. ЦЕЛЬ И ПРЕДМЕТ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБЩЕСТВА

- 3.1. Общество является коммерческой организацией, основной целью деятельности которой является - извлечение дохода в ходе осуществления самостоятельной хозяйственной деятельности и использование его в интересах акционеров, а также для развития производства и решения социальных задач Общества.
- 3.2. Предметом деятельности Общества являются:
 - 3.2.1 Предоставление юридическим и физическим лицам услуг телекоммуникаций, в том числе, но не ограничиваясь:
 - местная телефонная связь;
 - междугородная телефонная связь;
 - международная телефонная связь;
 - услуги доступа к сети Интернет;
 - спутниковая подвижная связь;
 - мобильная телекоммуникационная связь (в том числе услуги подвижной радио (радиотелефонной) связи, транкинговой и пейджинговой связи);
 - 3.2.2 Осуществление технологической деятельности в сфере телекоммуникаций, в том числе:
 - проектирование, строительство и эксплуатация общереспубликанских, магистральных и международных линий связи;
 - строительно-монтажные, ремонтные и пуско-наладочные работы;
 - инновационная деятельность;
 - метрологическая деятельность в области телекоммуникаций;
 - организация бесперебойной передачи всех видов информации по каналам связи, повышение надежности и качества работы и эффективное использование сетей телекоммуникаций;
 - организация работ по развитию и модернизации телекоммуникационных сетей Общества;
 - организация капитального строительства зданий и объектов телекоммуникаций;
 - формирование сетей телекоммуникаций Общества;
 - реконструкция объектов телекоммуникаций в целях увеличения их производственно-экономической эффективности;
 - участие в подготовке и реализации международных проектов по телекоммуникациям;
 - осуществление расчетов между различными операторами и пользователями услуг связи;

- участие в интересах Общества в международных телекоммуникационных и иных организациях и объединениях;
- оказание любых других услуг с помощью сетей телекоммуникаций.

3.2.3 Осуществление иной деятельности:

- ведение разрешенной для Общества внешнеэкономической деятельности в установленном законодательством порядке;
- промышленное, гражданское строительство;
- торгово-закупочная, посредническая и коммерческая деятельность;
- менеджмент, маркетинг, инжиниринг;
- оказание информационных, сервисных и других, не запрещенных для Общества услуг;
- выпуск и реализация ценных бумаг на внутреннем и внешнем рынках;
- покупка и продажа государственных и негосударственных ценных бумаг;
- инвестирование средств Общества в отраслевые и региональные программы и проекты;
- участие собственными средствами в деятельности других юридических лиц в целях создания передовых технологий, совместных производств для реализации целей деятельности Общества;
- организация работ по охране труда и технике безопасности;
- создание сервисного обслуживания средств телекоммуникаций;
- монтаж, наладка и техническое обслуживание средств охранной сигнализации, за исключением деятельности при выполнении строительно-монтажных работ;
- техническое обслуживание, ремонт (профилактика, осмотр, контроль технического состояния, диагностика состояния сварных швов, соединений и креплений) магистральных трубопроводов, основного и вспомогательного оборудования;
- иная деятельность, не противоречащая действующему законодательству Республики Казахстан.

3.2.4 Деятельность, связанная с реализацией и хранением специальных технических средств для проведения специальных оперативно-розыскных мероприятий;

3.2.5 Деятельность, связанная с реализацией, использованием и хранением средств криптографической защиты информации;

3.2.6 Деятельность, связанная с обращением с источниками ионизирующего излучения.

3.3. Виды деятельности, требующие наличия лицензии или иного вида разрешения, которое необходимо получить в установленном законодательством Республики Казахстан порядке, осуществляются лишь после получения соответствующих разрешений (лицензий).

СТАТЬЯ 4. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ ОБЩЕСТВА

4.1. Общество является юридическим лицом и имеет на праве собственности обособленное имущество, отражаемое на его самостоятельном балансе. Общество может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, быть истцом и ответчиком в суде.

4.2. Форма собственности Общества - частная.

4.3. Общество несет ответственность по своим обязательствам всем принадлежащим ему имуществом. Общество не отвечает по обязательствам своих акционеров.

4.4. Общество не отвечает по обязательствам государства, равно как и государство не отвечает по обязательствам Общества.

4.5. Общество имеет круглую печать, содержащую его полное фирменное наименование и указание на место его нахождения, штампы и бланки со своим наименованием на казахском и русском языках, а также зарегистрированный в установленном порядке товарный знак, знак обслуживания и другие реквизиты.

4.6. Общество вправе учреждать дочерние и зависимые юридические лица, а также участвовать в уставных капиталах других юридических лиц на территории Республики Казахстан и за ее пределами.

4.7. Общество также вправе:

- 1) осуществлять необходимые структурные преобразования.
- 2) выдавать доверенности и гарантии на осуществление имущественных и финансовых операций от лица Общества и обязательств по проводимым сделкам и операциям.

- 3) формировать цены на услуги связи, предоставляемые Обществом, в порядке, предусмотренном действующим законодательством.
- 4) страховать гражданско-правовую ответственность и предпринимательские риски, возникающие в деятельности Общества.
- 4.8. Общество может приобретать и предоставлять права на владение и использование охранных документов, технологий, "ноу-хау" и другой информации.
- 4.9. Общество вправе выпускать ценные бумаги, условия и порядок выпуска, размещения, обращение и погашение которых устанавливаются законодательством Республики Казахстан.
- 4.10. Общество самостоятельно решает все вопросы, связанные с планированием производственной деятельности, оплатой труда работников, материально - техническим снабжением, социальным развитием, распределением дохода, подбором, расстановкой и переподготовкой кадров.
